



ТАБИҒАТ пен ТАҒДЫР САБАҚТАСТЫҒЫ

Астанада «Орнықты болашаққа ортақ көзқарас» деген тақырыппен Өңірлік экологиялық саммит басталды. Ауқымды басқосуға Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Армения Президенті Ваагн Хачатурян, Моңғолия Президенті Ухнаагийн Хурэлсух, Грузия Президенті Михаил Кавелашвили, Әзербайжан Премьер-министрі Али Асадов келді. Сонымен қатар саммитке БҰҰ агенттіктерінің, жетекші халықаралық ұйымдардың және қаржы институттарының өкілдері қатысып жатыр.



Диалог алаңының мақсаты – экожүйелерді, су және жер ресурстарын қорғау, қалпына келтіру әрі бірлесіп пайдалану бойынша кешенді саясат пен тетіктерді қалыптастыру, Орталық Азия өңірінің биологикалық алуантүрлілігін сақтау. Саммиттің пленарлық отырысында сөз сөйлеген Қасым-Жомарт Тоқаев іс-шараның мән-маңызын айрықша атап өтті.

– Шын мәнінде, бүгін – Жер күні. Осы орайда планетамызды қорғауға жауапкершілікпен қарайтынмызды тағы да бір мәлімдеу үшін бас қосып отырмыз. Орнықты даму үшін ортақ көзқарас қалыптастыру – өзекті әрі аса маңызды. Мұны өңір елдері терен түсінеді. Қазіргі экология тек климат мәселесімен шектелмейді. Бұл – адамзат тіршілігінің түп негізі, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысының айтуынша, қазіргі беталысы беймәлім, ау-

малы-төкпелі кезеңнің зардабы өңірлік және жаһандық тұрақтылыққа, миллиондаған адамның тұрмыс сапасына ауыр тиіп тұр. Бұл ретте халықаралық қоғамдастық ерекше рөл атқарады. Өз сөзінде Қасым-Жомарт Тоқаев геосаясат пен экологияның байланысын да ашып көрсетті.

– Елдеріміз тұтас экожүйеде өмір сүреді. Өзен-көлдер де, табиғи ландшафттар да, климаттың қауіп-қатерлері де баршамызға ортақ. Ең бастысы, жауапкершілікті теңдей бөлісеміз. Орталық Азия мен көршілес аймақтар ұқсас экологиялық сын-қатерлерге тап келді. Атап айтқанда: су тапшылығы мен су ресурстарын тиімсіз басқару; шөлейттену; мұздықтардың еруі; ауаның лас тануы; биологикалық алуантүрліліктің жойылу қаупі. Мен ең негізгі сын-қатерлер мен проблемалардың мәнін ашып, әдейі түстеп отырмын. Өйткені күш жұмылдыру арқылы аталған мәселелерді шешуде оң нәтижеге жетеміз.

Бұған кәміл сенемін, – деді Президент.

Жаһандық мәселелерден еліміздегі нақты шараларға ойысқан Мемлекет басшысы Қазақстанның бұл мәселеге заннамалық деңгейде айрықша мән беретінін мәлімдеді. Жаңа Конституцияда қоршаған ортаны қорғау мемлекеттік саясат пен азаматтық жауапкершіліктің негізгі қағидаттарының бірі ретінде айқындалғанын айтты. Яғни, біз үшін экологиялық қауіпсіздік пен өсіп-өркендеу жай ғана мәселе емес. Ол ұлттық сана-сезімнің ажырамас бөлігі және ұзақмерзімді даму стратегиясының арқауы деп қарастырылады. Осы тұста Қасым-Жомарт Кемелұлы Қазақстанның экологиялық таза энергия өндірісіне көшу, биоалуантүрлілікті қорғау, тозған жерлерді қалпына келтіру, су ресурстарын басқару жүйелерін жетілдіру, су үнемдеу саясатын енгізу және қоршаған ортаны қорғау саласындағы өңірлік ынтымақтастықты нығайту бағытында бірқатар шараларды қолға алғанын тізіп өтті. Дегенмен ешбір ел жалғыз жортып табысқа жете алмайтыны хақ. Сондықтан Президент аймақтық және әлемдік деңгейде күш жұмылдыруға баса мән берілетінін, бұл міндет нақты іс, жана технологияларды игеру және тұрақты дамуға ұзақмерзімді инвестиция салу арқылы орындалатынын тілге тиек етті. Мұндағы негізгі басымдық – әділ және теңқұқылы энергетикалық модельге көшу. Еліміздің энергетикалық әлеуеті мен су қауіпсіздігі туралы Мемлекет басшысы нақты сандарды алға тартты.

(Жалғасы 2-бетте)

ӘЛЕМДІК МАҢЫЗЫ БАР СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТ

Ақордада Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Халықаралық Аралды құтқару қоры құрылтайшы мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысы өтті. Мемлекет басшысы Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан көшбасшыларына саммитке қатысқаны үшін ризашылығын білдірді.

(Жалғасы 2-бетте)



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ МИХАИЛ КАВЕЛАШВИЛИМЕН КЕЗДЕСТІ

Астанада өтіп жатқан Өңірлік экологиялық саммит аясында Қасым-Жомарт Тоқаев Михаил Кавелашвилимен кездесті.

Тараптар қазақ-грузин қарым-қатынасының қазіргі жай-күйі мен даму перспективасын қарастырды.

Мемлекет басшысы Грузия Қазақстанның Оңтүстік Кавказдағы маңызды әрі сенімді серіктесі саналатынын атап өтіп, өзара ықпалдастыққа тың серпін беруге дайын екенін растады.

Президенттер ынтымақтастықтың қарқын алғанына мән беріп, сауда-экономикалық байланыстарды арттыру

қажеттігін айтты. Кездесуде бірлескен инфрақұрылымдық және инвестициялық жобаларды жүзеге асыру, іскер ортаның аясын кеңейту, сондай-ақ елдің көлік-транзит әлеуетін тиімді пайдалану мәселелері пысықталды.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Михаил Кавелашвили жаһандық және өңірлік күн тәртібі жөнінде пікір алмасты.

ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Израиль Президентіне құттықтау жеделхатын жолдады.



Қасым-Жомарт Тоқаев Ицхак Герцогты Израиль Мемлекетінің Тәуелсіздік күнімен құттықтап, бақ-береке тіледі.

ТАРИХЫМЫЗ БЕН ТАМЫРЫМЫЗ – ОРТАҚ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақыруымен Моңғолия Президенті Ухнаагийн Хурэлсух Астанаға мемлекеттік сапармен келді. Осылайша, араға жиырма жылдай уақыт салып Моңғолия басшысы қазақ жеріне ат басын бұрды. Ақордада мейманды салтанатты қарсы алу шарасы өтіп, оның соңы кездесулер мен келіссөздерге ұласты. Келіссөздер барысында бірқатар маңызды құжатқа қол қойылды.

Ақордада өткен салтанатты қарсы алу рәсімінен соң Қазақстан мен Моңғолия президенттері шағын құрамда келіссөз жүргізді. Қасым-Жомарт Тоқаев Ухнаагийн Хурэлсухтың сапары екі ел арасындағы достық қарым-қатынасты дамытуға тың серпін беретініне сенім білдірді.

– Біз – тарихи ортақ, тамыры бір бауырлас елдерміз, көшпенді халықтардың ұрпағымыз. Қазақ пен моңғол – ғасырлар бойы іргесі бөлінбеген көршілер. Халықтарымыздың өмір салты, әдет-ғұрпы өте ұқсас. Қазір де осы мәңгі құндылықтарды арқау етіп келеміз. Бүгінде ықпалдастығымыз стратегиялық серіктестік рухында дамуда. Мемлекетаралық, парламентаралық және үкіметаралық байланыстарымыз нығаюда. Құрметті Президент мырза, Сіз екіжақты қарым-қатынасымызды жаңа деңгейге көтеруге зор үлес қосып келесіз. Мұны жоғары бағалаймыз. Қажырлы еңбегіңіздің арқасында Моңғолияда көптеген өзгеріс болып жатыр. Былтыр еліңіздің экономикасы 6,8 пайызға өсті. Бұл Сіздің саликалы басшылығыңыздың жемісі екені сөзсіз. Сіз халқыңыздың әл-ауқатын жақсарту үшін маңызды бастамаларды жүзеге асырдыңыз. Моңғолияда мемлекетті дамытуға арналған «Vision-2050» кешенді жоспары қолға алынғанын білеміз. Сондай-ақ Қарақорым атты жаңа қала салуды бастап кеттіңіздер. Бірегей жобалардың табысты болуына тілектеспіз. Сарабал саясатыңыздың арқасында Моңғолияның халықаралық беделі арта түсті. Біз бауырлас елдің барлық жетістігіне қуанамыз, – деді Мемлекет басшысы.

Моңғолия Президенті елімізде дәстүрлі қонақжайлық танытып, құрмет көрсеткені үшін Қасым-Жомарт Тоқаев пен қазақ халқына ризашылық білдірді.

– Араға жиырма жыл салып Қазақстанға мемлекеттік сапармен келгеніме қуаныштымын. Сіздің осыдан екі жыл бұрын біздің елімізге жасаған мемлекеттік сапарыңыз моңғол-қазақ қарым-қатынастарын стратегиялық серіктестіктің жаңа деңгейіне көтерді. Бұл уақиға екіжақты байланыстар тарихына алтын әріппен жазылатыны сөзсіз. Құрметті Президент мырза, Сіздің көреген, парасатты және жоғары кәсіби басшылығыңыздың арқасында Қазақстан экономикалық және әлеуметтік салаларды дамытуда айтарлықтай табысқа жетті. Моңғол халқы еліңіздің жетістіктерін жіті бақылап отыр. 2024 жылғы Моңғолияға сапарыңыз барысында оннан астам құжатқа қол қойылды. Бүгін де бірқатар маңызды құжат қабылданады, – деді Ухнаагийн Хурэлсух.

Одан соң Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ухнаагийн Хурэлсухтың келіссөзі ресми делегация мүшелерінің қатысуымен кеңейтілген құрамда жалғасты.

Тараптар екі елдің сан қырлы ынтымақтастығы достық пен өзара қолдау рухында дамып келе жатқанына назар аударды. Президент шақыруын қабыл алып, елімізге мемлекеттік сапармен келгені және Аймақтық экологиялық саммитке қатысуға ниет білдіргені үшін Моңғолия Президентіне алғыс айтты.

(Жалғасы 3-бетте)



ТАБИҒАТ пен ТАҒДЫР САБАҚТАСТЫҒЫ



(Басы 1-бетте)

— Қазіргі уақытта Қазақстанда электр қуатының 7 пайыздан астамы жанартылатын энергия көздерінен алынады. 2030 жылға қарай бұл көрсеткішті 15 пайыздан асыруды жоспарлап отырмыз. Біз мұнай-газ қоры мол мемлекеттердің қатарына кіреміз. Соған қарамастан, еліміз орнықты энергетика мақсаттарынан айнымайды. Әлемдік уран экспортының шамамен 40 пайызын қамтамасыз ететін Қазақстан көміртексіз электр энергетикасын дамытуды құптайды. Бүгінде алғашқы атом электр станциясының жобасын пысықтап жатырмыз. Сонымен қатар «таза көмір» технологиясын негізінде жылу электр станцияларын жаңғыртуды қолға алдық. Осылайша, ірі энергетикалық нысандардан ауаға тарайтын зиянды шығарындыларды 35 пайызға азайтамыз. Арал теңізі салғырттықтың салдары қандай қасіретке әкеліп соғатынын еске салып тұрады. Сондай-ақ ол батыл әрі ғылыми негізді бар жүйелі шаралардың арқасында қандай нәтижеге жетуге болатынын көрсетеді. Бүгінде Солтүстік Аралдың 36 пайызға жуығы қайта қалпына келтірілді. Судың сапасы жақсарып, балық қоры молайды, манайдағы елді мекендердің тұрмыс-тіршілігіне қан жүгірді, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Су тақырыбын әрі қарай өрбіткен Мемлекет басшысы Каспий теңізінің тағдырына да алаңдаушылық білдірді. Теңіз айдынын қорғауды аймақта экологиялық тепе-теңдік пен биоалуантүрлілікті сақтау, орнықты дамуы қамтамасыз ету тұрғысынан ерекше маңызды екенін ескертті.

— Осы орайда Қазақстан Каспий теңізінің тартылуына жол бермеу үшін мемлекетаралық бағдарлама қабылдау жөнінде бастама көтерді, Каспий теңізі ғылыми-зерттеу институтын құруға ұйытқы болды. Аталған мекеме өңірлік деңгейдегі ғылыми ынтымақтастықты дамытуға ықпал етеді. Барша мүдделі халықаралық тараптарды табиғаттың осынау асыл қазынасын сақтау жолында күш-жігер біріктіруге шақырамыз. Каспий маңында қарулы күштердің қолданылуына жол беруге болмайды. Оған қатаң тыйым салынуға тиіс, — деді Президент.

Мемлекет басшысының сөзінше, биоалуантүрлілікті сақтау — экологиялық саясатымыздың негізгі бағыттарының бірі. Табанды еңбек нәтиже берген. Жойылу қаупі төнген акбөкендер қайта көбейген. Қазақстандағы қар барысының саны екі есе ұлғайып, 190-ға жеткен. Еліміз халықаралық серіктестермен бірлесіп, басқа да сирек кездесетін жан-жануарлардың: мысалы, сұңқарлардың, Туран жолбарысының және Пржевальский жылқысының популяциясын қалпына келтіруге кіріскен. Орман алқаптарын ұлғайту да Қазақстанның экологиялық күн тәртібіндегі басым міндеттерінің біріне айналған. Соңғы бес жылда бір миллион гектардан аса аумаққа 1,5 миллиардтан астам ағаш егілген.

— Біз «Таза Қазақстан» жалпыұлттық қозғалысына бастама болдық. Халықтық сипат алған нақанның мақсаты — экологиялық сана қалыптастыру, азаматтық жауапкершілікті арттыру. Қозғалысқа миллиондаған ерікті қосылды. Менің ойымша, олар — Қазақстанның нағыз патриоттары. Өйткені дәл осылай еңбек етіп, ортақ мүддеге үлес қосу — елінің келешегін ойлайтын азаматтардың ғана қолынан келетін ізгі іс. Біріккен Ұлттар Ұйымының шешімімен биыл Халықаралық еріктілер жылы деп жарияланды. Тұрақты даму мүддесіне сай келетін бұл бастаманы толық қолдаймыз. Еліміздің жана Ата заңында волонтерлік қызметке айрықша мән беріліп, оларға мемлекет тарапынан қолдау көрсетілетіні нақты жазылған, — деді Президент.

Жана технология бағытына да тоқталған Қасым-Жомарт Тоқаев биыл елімізде Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жарияланғанын айтты. Президент жасанды интеллект көмегісіз экологиялық мәселелерді оңтайлы шешу мүмкін емес деп есептейді. Өйткені ол табиғи ресурстарды қорғау, экологиялық басқаруды жетілдіру ісінде мол мүмкіндікке жол ашады. Сол себепті Қазақстан аймақтық цифрлық экожүйе құру бастамасын қолдауға қашан да дайын.

— Таразы басында адамзаттың, ең алдымен, өскелең ұрпақтың болашағы тұр. Бұл — жай ғана экологиялық мақсат емес, керісінше, адами парыз, экономикалық қажеттілік, бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау мақсатындағы стратегиялық басымдық. Осы орайда орнықты келешек қалыптастыруда мынадай негізгі қағидаттарға арқа сүйеген жөн: халқымыз бен болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілік; шекара мен шектеуге бөлінбейтін ынтымақтастық; ресурстарға, технологиялар мен мүмкіндіктерге теңдей қол жеткізетін әділеттілік; нәтижесі көзге көрінетін нақты шаралар; ауқым мен даму деңгейіне қарамастан елдер арасындағы бірлік. Саммит барысында Орталық Азиядағы экологиялық ынтымақтастық жөніндегі Астана декларациясы және бірқатар маңызды келісім қабылданады. Бұл біздің аталған қағидаттарды берік ұстанатынымызды және аймақтық экологиялық серіктестікті нығайтуға қалам басқанымызды дәлелдейді.

Бүгінгі талқылаулардың мазмұнды әрі бірлескен нақты бастамаларға негіз болатынына сенімдімін. Осылайша, халықтарымыздың игілігіне қызмет ететін баянды болашақтың іргесін қалаймыз, — деп сөзін түйіндеген Мемлекет басшысы жиын жұмысына табыс тіледі.

ӘЛЕМДІК МАҢЫЗЫ БАР СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТ

(Басы 1-бетте)

— Бүгінгі кездесу өңірді орнықты дамуға қағидаттарына, прагматикалық және өзара келісілген экологиялық күн тәртібін ілгерілетуге бейіл екенімізді растайды. Осы жиында Қордың даму перспективасын талқылап, Арал теңізі бассейнінің экожүйесін сақтауды көздейтін ортақ шешімдерді айқындаймыз. Бұл кең ауқымдағы халықаралық мәселе болғандықтан, біздің жұмысымызға көптеген мемлекеттер, халықаралық ұйымдар назар аударып отыр. Аралды құтқару мәселесі көп жылдар бойы аймақта да, әлемде де айтылып келеді. Өңірдің тұрақтылығын қамтамасыз ету және өркендету — ортақ әрі қол жеткізуге болатын міндет. Аталған басқосу ынтымақтастықты нығайтуға тын серпін беріп, аймақ мемлекеттеріне пайдасын тигізеді деп үміттенемін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Халықаралық Аралды құтқару қоры Орталық Азиядағы су шаруашылығы мен экологиялық мәселелердің шешімін табу үшін өңірдегі мемлекеттердің күш-жігерін ортақ арнаға ұйыстыратын бірден-бір институционалдық платформа екеніне тоқталды.

— Қазақстан Қорға төрағалық ету барысында барлық құрылтайшы мемлекеттердің қатысуымен көптеген өзекті міндеттердің шешімін табуға дәйекті түрде ықпал етті. Мысалы, су-энергетика саласындағы ынтымақтастық нығайтып, жобаларды қаржыландыру тетіктері кеңейіп келеді. Қордың Аткарушы комитетінің үйлестіру қызметін арттыру жөнінде шаралар қабылданды. Халықаралық әріптестермен, соның ішінде БҰҰ құрылымдарымен, қаржы институттарымен және донорлармен ықпалдастық күшеюде. Халықаралық табиғатты қорғау бастамалары аясындағы жұмыс жанданды. Қордың Аткарушы комитеті бірқатар маңызды жинау, атап айтқанда, Рияд қаласында өткен One Water саммитіне, Найробиде ұйымдастырылған БҰҰ-ның қоршаған орта жөніндегі 7-ші Ассамблеясына, сондай-ақ Бакудегі COP-29 және Белендегі COP-30 конференцияларына қатысты. Арал теңізі бассейніндегі елдерге көмек көрсету жөніндегі іс-қимыл бағдарламасына және Орталық Азияның тұрақты дамуы үшін қоршаған ортаны қорғау жөніндегі Өңірлік бағдарламасына жіті назар аударылып отыр. Аталған бағдарламалар мен бастамаларды қаржыландырудың жалпы көлемі екі миллиард доллардан асады. Қазақстанның Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен серіктесе отырып әзірлеген 2026-2029 жылдарға арналған Өңірлік жол картасы Арал маңы тұрғындарының денсаулығын жақсартуға және әл-ауқатын арттыруға үлес қосады, — деді Президент.

Мемлекет басшысы Солтүстік Аралдың экожүйесін қалпына келтіру бойынша бірлескен күш-жігердің арқасында он нәтижеге қол жеткізілгеніне мән берді.

— Теңізге су көлемінің 18,9-дан 23,5 текше шақырымға дейін ұлғаюы Арал маңындағы балық шаруашылығына, жалпы әлеуметтік-экономикалық ахуалға жағымды әсер етті. «Арал» геопаркі құрылды. Бұл — аумақтың орнықты даму үлгісі бола алатын бірегей табиғи әрі ғылыми нысан. Жобаның басты мақсаты — Арал теңізінің табиғи-экологиялық және тарихи мұрасын сақтау. Қазіргі уақытта оны ЮНЕСКО геопарктері жаһандық желісінің нысандары қатарына қосу бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр. Осылайша, Қазақстанның төрағалығы Қордың тиімділігін көтеруге бағытталды. Қолдау көрсетіп, бірлесу әрекет еткен барлық құрылтайшы мемлекеттерге шынайы алғысымды айтамын. Жұмыла жұмыс істеп, мақсат пен нақты істі сабақтастыра отырып, халықтарымыздың тұрақты болашағын қамтамасыз етуде бұдан да зор табыстарға қол жеткізе алатынымызға сенімдімін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент назар аударған бір түйткіл: бүгінгі жетістіктерге қарамастан, экологиялық қатерлердің өсу қарқыны оны төмендету мақсатында қабылданған шаралардан асып түседі. Мұны Арал теңізі бассейнінің қазіргі жағдайын талдау нәтижелері көрсеткен.



— Арал бассейніндегі экологиялық ахуал алаңдатарлық. Оны барлығыңыз жақсы білесіздер. Арал маңындағы климат айтарлықтай өзгеріске ұшырады: жаздағы ауа температурасы орта есеппен 2-2,5 градусқа көтерілді, құрғақшылық күшейіп, қыс суық бола түсті. 100 шақырым шеңберінде жауын-шашын көлемі азайды. Құмды дауыл жиіледі. Аралқұм шөлінен жыл сайын ондаған миллион тонна тұз, құм, түрлі химиялық заттар атмосфераға көтеріледі. Олар өлемнің ең шалғай түкпірлерінен, мәселен, Солтүстік Мұзды мұхиттан табылып, алыс аумақтағы топыраққа, экожүйеге және адамдардың денсаулығына зиян келтіріп отыр. Теңіз табанынан ұшқан тұзды шашның Тянь-Шань мен Памир мұздықтарына дейін жетуі алаңдаушылық туғызды. Дүниежүзілік метеорология ұйымының мәліметіне сүйенсек, мұздықтар үшін кейінгі гидрологиялық жыл бақылау жұмыстары басталғаннан бергі (1950 жылдан) ең нашар кезең болған. Мұздықтардың азаюы тұтас аймақтағы су қауіпсіздігіне қатер төндірді. Сондай-ақ су тұтыну көлемі тұрақты түрде артып келеді. Барлық су ресурстарының 80 пайыздан астамы ауыл шаруашылығы мақсатында пайдаланылады, яғни суармалы жүйелде шығын азаймай тұр. Мұндай жағдайда келісілген және ұзақмерзімді шешімдер әзірлеген жөн, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев су проблематикасын аймақ елдеріне ортақ әрі халықаралық қоғамдастық назар аударатын өзекті мәселе ретінде қарастыруға шақырды.

— Бұл — ұлттық деңгейдегі немесе тактикалық емес, әлемдік маңызы бар стратегиялық міндет. Сондықтан нақты іске көшу керек. Қор жұмысының ұйымдастыру механизмдерін жанартау да өзекті. Сол арқылы Ұйым қызметінің қолданбалы сипаты күшейе түседі. Біздің ойымызша, Қордың өңірге ортақ платформа ретіндегі рөлін нығайта түскен жөн. Осылайша, су, экология және орнықты даму мәселелерін Орталық Азия елдерінің мүддесіне сай тиімді шешуге болады. Бұған дейін қалыптасқан өзара ықпалдастықты дамытқан дұрыс. Халықаралық сарапшылардың бақылауына, соңғы жылдары су мәселесінде аймақ елдері өз мүдделерін алға шығарып отыр. Яғни, халықаралық аспектілер, өзара ынтымақтастық, соның ішінде көршілес мемлекеттердің қажеттілігі ескерілмейді. Олардың пікірінше, су-энергетика саласында тепе-теңдіктің болмауы, трансшекаралық өзендерді басқару тәртібінің бұзылуы, экологиялық зарлаптын салдарын елемей — негізгі себеп. Дәл осындай қиын жағдайда әр елдің суға қатысты стратегиясын ұнестастыруға ұмтылып көру керек. Бұл су үнемдеу ісіндегі озық тәжірибелерді кеңінен таратуға мүмкіндік береді, — деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысының пікірінше, аймақтағы су мәселелері мен экологиялық сын-қатерлер арта түскен сәтте өзара келісімге келіп, кедергілерді бірлесіп еңсеру үшін күш-жігер жұмылдыру, бірлік таныту — өте маңызды.

— Баршаның ба белгілі, Қырғызстанның Қордағы қызметі тоқтап тұр. Бұл — Қырғыз мемлекетінің өз еркі. Қазақстан оған құрметпен қарайды. Бұл ретте Қазақстан ведомстволар арасындағы жұмыс деңгейінде Қырғызстанмен байланыстың дамуын жоғары бағалайды және қарым-

қатынасты одан әрі жандандыруға дайын. Орталық Азияның орнықты дамуы үшін Қырғызстанның тәжірибесі өте маңызды. Сондықтан еліміз Қырғызстанның Халықаралық Аралды құтқару қорындағы қызметін ертелі-кеш жаңғыртады деп есептейді. Біз бұған тек қуанар едік. Қордың аймақтағы рөлін нығайту мақсатында көпжақты ықпалдастықтың түрлі форматында, соның ішінде Консультативтік кездесулердің күн тәртібінде су мәселесін қарастыруды ұсынамын, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан бөлек, Президент сұранысқа ие жобалардың қосымша қорын жасақтау үшін халықаралық ұйымдармен, донорлармен және қаржы институттарымен бірлескен жұмысты күшейтуді маңыздына тоқталды.

— Бүгін Өңірлік экологиялық саммиттің пленарлық отырысында БҰҰ-ның мамандандырылған институты ретінде Халықаралық су ұйымын құру туралы бастаманы қайта көтердім. Мұндай құрылымды жасақтау — уақыт талабы. Бұл бастаманы халықаралық су қоғамдастығы да қолдап отыр. Аталған тетік аймақтағы су қауіпсіздігін сақтау мәселесінде әлемдік қауымдастықтың күш-жігерін шоғырландыруға ықпал етеді. БҰҰ аясында жұмыс істейтін мұндай институт ешбір елге, әсіресе, Орталық Азия мемлекеттеріне зиянын тигізбейді. Сондықтан осы бастамаға қолдау көрсетулеріңізді сұраймын. Тіпті, оны Біріккен Ұлттар Ұйымына Орталық Азия елдерінің ортақ жобасы ретінде ұсынуға болады. Осылайша, Орталық Азияның бірқатар мемлекеттерінің астаналарында UN Water ұйымының жекелеген сегменттерін ашуға мүмкіндік туады. Бұдан бөлек, БҰҰ аясында Арал су жүйесінің, Эмудария мен Сырдария өзендерінің халықаралық күндерін бекіту туралы бірлесіп бастама көтерген жөн. Сол арқылы Аралдың су экожүйесін сақтау мәселесіне әлем назарын аудару аламыз. Мен айтқан ұсыныстардың барлығы біздің ортақ мүддемізге сай келеді. Бұл — саяси популизм емес, оның ешқандай астары да жоқ, — деді Мемлекет басшысы.

Сөз соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Арал тағдыры — аймақ елдеріне төнген зор экологиялық жауап-қатер ғана емес, нақты нәтижеге жету жолындағы әрекеттердің сыналар шағы екенін айтты.

— Аймақтың тағдыры тек қана өз қолымызда, сенімді диалог пен елдеріміз арасындағы тығыз ынтымақтастыққа тікелей байланысты. Құрметті әріптестер, президенттер, қадірлі бауырлар, бәріңіз су мәселесінің маңызын жақсы түсінетін ықпалды әрі тәжірибелі азаматсыздар. Өңірде су болмаса, Орталық Азия елдерінің де күні қаран. Су жастарымыздың тұрмысын жақсартып, болашағын жарқын етеді. «Су — тіршілік көзі». Бүгінгі саммит Халықаралық Аралды құтқару қорының қызметіне тын серпін беріп, халықтарымыздың игілігі жолындағы өңірлік өзара ықпалдастықтың жаңа кезіне айналды деп сенемін, — деді Қазақстан Президенті.

Кенес отырысында Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Халықаралық Аралды құтқару қоры Аткарушы комитетінің төрағасы Асхат Оразбай сөз сөйледі.

Саммит қорытындысы бойынша Аралды құтқару жөніндегі төрт құжатқа қол қойылды.

ОРНЫҚТЫ ДАМУДАҒЫ ОЗЫҚ БАСТАМАЛАР



Президенттер мен шетелдік делегациялардың басшылары RES 2026 EXPO жасыл және орнықты технологиялар халықаралық көрмесіне барды.

Қазақстан, Армения, Грузия, Қырғызстан, Моңғолия, Тәжікстан Түрікменстан, Өзбекстан президенттеріне және басқа да мәртебелі меймандарға Орталық Азия елдері мен Әзербайжанның павильондары таныстырылды. Мұнда жасыл энергетика мен табиғи ресурстарды басқару салаларындағы ұлттық басымдықтарға ден қойылған.

Экспозициялар орнықты экожүйені сақтауға, қоршаған ортаны қорғау саласында ынтымақтастық орнатуға, экологиялық мәселелерді шешудің тын тәсілдерін қарастыруға, Арал маңын қайта қалпына келтіруге үндейді.

Мемлекеттер басшыларының аймақ елдеріндегі бизнестің экожобалары көрсетілді. Аталған бастамалар аясында компаниялар жасыл энергетика, экологиялық орта қалыптастыру және қалдықтарды қайта өңдеу бағыттарында өндірістік шешімдер ұсынады.

Көрме әлемнің 30 елінен келген 240-тан астам қатысушы мен халықаралық серіктестердің басын қосты. 120-дан аса павильонда орнықты даму саласындағы озық бастамалар көпшілік назарына ұсынылды. Мемлекет пен бизнес арасындағы диалог алаңына айналған инвестициялық форум ерекше маңызға ие.

Экспозицияда орнықты даму мен экологияның өзекті мәселелері талқыланатын халықаралық кездесулер, сарапшылар арасындағы пікірталастар өтіп жатыр. Сондай-ақ инновациялық жобалар мен жас кәсіпкерлерді қолдауға бағытталған «Жасыл» стартаптардың байқауы ұйымдастырылды. Меймандар аймақ елдері дизайнерлерінің туындылары мен экологиялық кино фестивалін тамашалай алады.

Бетгі дайындаған Айдар ДӘУІТҰЛЫ

ТАРИХЫМЫЗ бен ТАМЫРЫМЫЗ – ОРТАҚ

(Басы 1-бетте)

Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылы қазанда Монғолияға жасаған мемлекеттік сапарын ықыласпен еске алып, соның нәтижесінде көптеген уағдаластыққа қол жеткізілгенін, ал екіжақты қарым-қатынас стратегиялық серіктестік деңгейіне көтерілгенін атап өтті.

— Сауда-экономикалық ынтымақтастығымыз нығая түсуде. Бірқатар жетістік бар. Тауар айналымы жылдан-жылға артып келеді. Өнеркәсіп саласына қатысты нақты жобаларды іске қосуды жоспарлап отырмыз. Бүгін елордамызда Қазақ-монғол бизнес-форумы өтеді. Оған Монғолиядан келген көптеген компания қатысады. Біз мұны толық құптауымыз. Сіздің де тарапыңыздан көрсетілген қолдауға ризашылығымызды білдіремін, — деді Мемлекет басшысы.

Былтыр Қазақстан мен Монғолия арасындағы сауда көлемі 7,7 пайызға өсіп, 130 миллион доллардан асқан.

Өз кезегінде Ухнаагийн Хурэлсух бұл сапар нәтижесінде қос халықтың достығы мен сан қырлы ынтымақтастығы нығая түсетініне сенім білдіріп, Қазақстанды Монғолияның Орталық Азиядағы алғашқы стратегиялық серіктесі деп атады.

— Достық қатынастарды одан әрі күшейтуге, сондай-ақ сауда-экономикалық ынтымақтастығымыздың аясын кеңейтуге сыртқы саясатымызда ерекше басымдық береміз. Соңғы екі жылда көптеген ортақ міндетті қолға алып, өзара серіктестігімізді жаңа деңгейге көтердік. Екі ел арасындағы сенімді байланыстарды нығайтуда заң шығарушы органдар айрықша рөл атқарады. Өзара серіктестік әлеуеті зор. Сіздің 2024 жылғы елімізге сапарыңыз аясында Монғолия мен Қазақстан арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты жандандыру бойынша 2025–2027 жылдарға арналған Жол картасына қол қойылған еді. Ендігі міндет — өзара тауар айналымын 500 миллион долларға дейін жеткізу, — деді Монғолия Президенті.

Ухнаагийн Хурэлсух Қазақстан Президентінің жана Конституцияны қабылдау бойынша жалпыұлттық референдумның табысты өтуімен құттықтап, бұл тарихи уақиға Қазақстанның өсіп-өркендеуіне, заң үстемдігіне негізделген қоғам құруға негіз болатынына сенім білдірді.

Келіссөз барысында тараптар ауыл шаруашылығы, жеңіл өнеркәсіп, цифрландыру, тау-кен, туризм, көлік-логистика, өңіраралық байланыс бағыттарындағы өзара тиімді серіктестік перспективасын талқылады.

Мемлекеттер басшылары бұл ретте Үкіметаралық комиссияның жұмысын жандандыру, Астана — Ұлан-Батыр, Өскемен — Өлгей бағыттарындағы әуе рейстерін қайта ашу, екі ел арасында төте автокөлік жолын салу мәселесін пысықтау мақсатында Үкіметаралық жұмыс тобын құруды маңызды мән берді.

Қазақстан Президенті Баян-Өлгей аймағында Қазақстан консулының ашуға көрсеткен қолдауы үшін Монғолия Президентіне алғыс айтты. Бұдан бөлек, кездесуде екі елдің білім беру, мәдениет және туризм салаларындағы ынтымақтастығын ілгерілету мәселесі қарастырылды.

Келіссөз қорытындысы бойынша екі елдің ресми делегация мүшелері оннан астам құжатқа қол қойды. Атап айтқанда, олардың арасында Мәдени-гуманитарлық саладағы ынтымақтастық жөніндегі 2026–2027 жылдарға арналған іс-қимыл жоспары, Астана және Алатау қалалары әкімдіктері мен Монғолияның Қарақорым қаласы әкімдігінің өзара түсіністік туралы меморандум қатарлы құжаттар бар. Одан бөлек, медиа, ғылым салаларындағы ынтымақтастықты тереңдеуге бағытталған құжаттар рәсімделді.

Қос елдің Президенттері құжаттарға қол қою рәсімінен соң БАҚ өкілдеріне арналған брифинг өткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Монғолияның аймақтағы маңызды серіктес әрі тату



көріші ретінде атап, Президент Ухнаагийн Хурэлсухтың елімізге сапарына айрықша мән беріп отырғанын айтты.

— Біздің тарихымыз бен тамырымыз — ортақ. Екі ел де көшпенділер өркениеті мен «киіз үйлер» мәдениетінің мұрагері саналады. Қос халықтың болмысы мен рухани дүниесі, өмір салты мен әдет-ғұрпы — үндес. Сондықтан біз әрдайым бір-бірімізге тілектес болып, жетістіктерімізге шынайы қуанамыз. Соңғы жылдары Қазақстан мен Монғолияның қарым-қатынасы тың қарқынмен дамып келе жатыр. Осыдан бір жарым жыл бұрын Монғолияға мемлекеттік сапармен барғанымды білесіздер. Кадірлі Президент Ухнаагийн Хурэлсух мырзаның және барша монғол халқының ықылас-іттипатын әрдайым ризашылықпен еске аламын.

Сол сапар барысында Стратегиялық әріптестік туралы декларацияға қол қойдық. Бұл — мыңжылдық бауырластығымызды біржолға бекіте түскен тарихи құжат. Қазіргі таңда екі елдің парламенттері мен құзырлы министрліктері тығыз байланыс орнатқан. Үкіметаралық комиссия және Іскерлік кеңес табысты жұмыс істеп келеді. Президент Хурэлсухтың бүгінгі сапары осы ынтымақтастықты нығайта түсері анық, — деді Қазақстан Президенті.

Тараптар екіжақты қарым-қатынастың барлық бағыты бойынша мазмұнды әрі нәтижелі келіссөздер жүргізген.

— Саяси-экономикалық, мәдени-гуманитарлық және өзге де саладағы ықпалдастығымызды одан әрі арттыруға келістік. Атап айтқанда, біз Монғолияның Баян-Өлгей аймағында Қазақстанның консулдык мекемесін ашу туралы өзара келісімге келдік. Мұны, шын мәнінде, бауырлас әрі тарихи тамырлас елдеріміздің арасындағы стратегиялық серіктестік рухына сай келетін маңызды қадам деп айтуға толық негіз бар. Сондай-ақ бұл монғол елінің қазақ халқына деген ізгі ниеті мен шынайы достық көңілінің айқын көрінісі екені сөзсіз. Біз бұл шешімді жоғары бағалаймыз. Осы орайда мен Президент Хурэлсух мырзаға зор алғысымды айтқым келеді. Жалпы, сапар барысында бірқатар маңызды құжатқа қол қойылды. Бүгін жасалған келісімдер екі елдің алыс-берісін жандандыра түсетіні сөзсіз. Қазақстан мен Монғолия арасындағы сауда-саттық көлемі былтыр 130 миллион доллар болып, 7,7 пайызға өсті. Елдеріміздің экономикалық әлеуетін ескерсек, бұл көрсеткішті арттыруға толық мүмкіндігіміз бар. Осы орайда алдағы бірнеше жылда тауар айналымын 500 миллион долларға жеткізу жөнінде жеке қойып отырмыз. Ол үшін, ең алдымен, сауда-саттықтағы тауар түрін кеңейтіміз керек. Экономикалық ықпалдастықты тежейтін кедергілерді барынша азайту

кажет. Осыдан бір ай бұрын Қазақстанның сауда миссиясы Монғолияға арнайы сапармен барды. Онда экономикалық байланыстарды әртарапандыруға қатысты маңызды ұсыныстар жасалды. Біз былтыр Еуразия экономикалық одағы мен Монғолия арасындағы уақытша сауда келісімін ратификацияладық. Бұл құжат елдеріміз үшін көптеген тың мүмкіндікке жол ашды, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша,

келіссөз барысында көлік-тасымал саласындағы ынтымақтастыққа баса мән берілген.

— Жол екі ел арасындағы өзара байланыс көзі, тығыз қарым-қатынас кепілі екені белгілі. Біз бұл мәселенің аса өзекті екенін жақсы түсініп отырмыз. Сондықтан Хурэлсух мырза екеуіміз Қазақстан мен Монғолия арасында төте жол ашуға мүдделі екенімізді растадық. Кездесу барысында елдерімізді жалғайтын автокөлік жолын салу жөнінде ортақ келісімге қол жеткіздік. Бұл — әрине, жан-жақты сараптап, мұқият зерделеуді қажет ететін күрделі мәселе. Десек те, ең бастысы, жол құрылысы бойынша мақсатымыз — бір. Сол септегі біз құрметті Президент мырзамен жасалған уағдаластыққа сәйкес алдымен бірлескен Үкіметаралық жұмыс тобын құру туралы шешімге келдік. Аталған жұмыс тобы осы мәселе бойынша барлық түйткілді қарайды, көрішес елдермен келіссөздер жүргізеді және жалпы жобаның уақытылы орындалуын қадағалайды. Алдағы уақытта Қазақстан — Монғолия автожолы елдеріміздің арасындағы сауда-саттықты арттыруға ерекше серпін беретіні анық. Бұл жолдың иілігін іргелес елдер де көретін болады. Баршаңызға мәлім, мен былтыр Қытайда өткен Шанхай ынтымақтастығы ұйымының Саммитінде «Трансальпай сұхбат алаңын» құруды ұсындым. Алтайдың төрт жағын мекен еткен мемлекеттердің сауда, көлік-логистика, туризм, мәдениет саласындағы мәселелер бойынша ортақ мәмілеге келуіне толық мүмкіндік бар. Осы ретте төрт елдің көлік-логистика әлеуетін бір арнаға тоғыстырып, бірлесіп жұмыс істей аламыз. Бұл қадам алыс-берісті ғана емес, «Алтай» бірегей туристік кластерін дамытуға жол ашады. Сонымен бірге әуе қатынасын жандандыру маңызды. Қазір «Алматы — Ұлан-Батыр» бағытында тұрақты рейстер бар. Көп ұзамай «Астана — Ұлан-Батыр» әуе қатынасы қайта ашылады. Бұдан бөлек, біз осы сапар аясындағы келіссөздер нәтижесінде «Өскемен — Өлгей» бағыты бойынша әуе қатынасын орнату жөнінде нақты келісімге келдік. Бұл маңызды шешімнің арқасында ынтымақтастығымыз одан әрі нығайтып, аймақаралық байланыстарымыз тың серпінмен дами түсері сөзсіз. Бұл тұста

да Монғолия елінің басшысы — құрметті Хурэлсух мырзаға және монғол тарапынан осы мәселені шешуге атсалысқан барша азаматқа алғыс айтамын, — деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Монғолиямен ықпалдастықтың перспективті бағыттарына тоқталды.

— Екі ел де — табиғи байлығы мол мемлекеттер. Тау-кен саласында, соның ішінде геологиялық барлау және жер қойнауын игеру ісінде Қазақстанның тәжірибесі мол. Қос тарап осы бағытта бірлесіп күш жұмылдыруға дайын. Елдеріміз ауыл шаруашылығына, әсіресе, мал шаруашылығына айрықша мән береді. Қазіргі заманда мал өнімдерінің халықаралық стандарттарға сай әрі қауіпсіз болуы аса маңызды. Қазақстанда мал ауруына қарсы тиімді вакцина өндірісі жолға қойылған. Біз еліміздің вакциналарын Монғолияға жеткізу, болашақта бірлескен өндіріс орындарын ашу мүмкіндігін қарастыруға мүдделіміз. Сондай-ақ Монғолияның жерді ғарыштан бақылайтын жүйе құру бастамасына қолғабыс етуге дайынбыз. Осы салаға қажетті білікті мамандарды да даярлауға болады. Қазақстан шифрлық даму мәселесіне айрықша назар аударады. Бұл — еліміздің болашағын, жаһандық бәсекедегі орнын айқындайтын стратегиялық сала. Бүгін Хурэлсух мырза Alem.AI халықаралық орталығына және «Ақылды қаланы» басқару орталығына» барлады. Жалпы цифрландыру саласындағы өзара ынтымақтастықты дамытуға екі тарап та мүдделі, — деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Қазақстан мен Монғолия президенттері мәдени-гуманитарлық байланысты талқылады.

— Былтыр Астанада өткен Silk Way Star халықаралық вокалды конкурсында Монғолияның Мишель атты әншісі бірінші орын алып, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Мұндай жобалар халықтарымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан рухани байланысын бекемдейтіні сөзсіз. Сондай-ақ елдеріміздің білім-ғылым саласындағы ынтымақтастығын нығайтуға мол мүмкіндік бар, — деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан жыл сайын монғол азаматтарына білім гранттары бөліп келе жатқанына назар аударды.

— Біз грант санын көбейтіп, Монғолияға қажетті мамандар дайындау ісіне аталысуға әзірміз. Биыл Монғолияда Study in Kazakhstan білім жәрмеңкесін өткізу жоспарлануда. Сонымен қатар біз Ұлан-Батыр қаласында Қазақстанның іргелі университетінің филиалын ашуды ұсындық. Бұған қоса, екі елдің қалалары арасындағы бауырластық қарым-қатынасы одан әрі дамытуға келістік. Бұл шаралар елдеріміздің достығын бекемдеуге,

сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық байланысты күшейтуге жол ашады. Осы жұмысты жалғастыра беру маңызды деп санаймын, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Монғолия Президентінің Қазақстанға мемлекеттік сапары өте нәтижелі өтіп жатқанын айтты.

— Қазақстан мен Монғолияның аймақтық және жаһандық деңгейдегі көптеген өзекті мәселе бойынша ұстанымдары ұқсас. Ертен өтетін Экологиялық саммит — соның айқын көрінісі. Біз Монғолиямен ынтымақтастықты дамытуға айрықша көңіл бөлеміз. Халықаралық ұйымдар аясында біз бір-бірімізге үнемі қолдау көрсетіп келеміз. Бұл елдеріміздің стратегиялық серіктестігі және өзара сенімнің нақты көрінісі екені анық. Мен мұны жоғары бағалаймын, — деді Қазақстан Президенті.

Ухнаагийн Хурэлсух бүгінгі келіссөздерге жоғары баға берді.

— Құрметті Президент, біз Сіздің Монғолия мен Қазақстан арасындағы ынтымақтастықты дамытуға қосқан үлесіңізді жоғары бағалаймыз. Бүгінгі қол жеткізілген уағдаластықтар мен бірлескен іс-қимыл жоспары нәтижелі жүзеге асып, екі елдің иілігіне қызмет ететініне кәміл сенемін. Бауырлас халықтарымыздың достығы ұрпақтан-ұрпаққа ұласып, стратегиялық әріптестігіміз бен ықпалдастығымыз мәңгі жасай берсін! — деді Монғолия Президенті.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Монғолия Президенті Ухнаагийн Хурэлсухты «Алтын Қыран» орденімен марапаттады. Мемлекет басшысы тарихи сапар аясында марапаттау рәсімін өткізу қазақ тарапы үшін зор мәртебе екенін атап өтті.

— Біз Сізді өз халқын алға бастап келе жатқан парасатты, білікті, ірі саясаткер деп білеміз, сыйлаймыз. Монғолияның көркейту жолындағы қажырлы еңбегіңізді жоғары бағалаймыз. Саликалы саясатыңыздың арқасында еліңіз өсіп-өркендеп келеді. Өзіңіздің бастамаңызбен түрлі салада тың жобалар жүзеге асырылып жатыр. Монғолияның экономикасы дамып, халқының әл-ауқаты жақсарды. Сонымен қатар еліңіздің аймақтағы және әлемдегі беделі арта түсті. Сіздің басшылығыңызбен монғол жұрты алдағы уақытта да биік белестерді бағындыра беретініне кәміл сенеміз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент екі ел арасында шынайы достық пен өзара құрметке негізделген қарым-қатынас орнағанына тоқталды.

— Сіз Монғолия Ұкіметін басқарған кезде екі елдің экономикалық ынтымақтастығын дамытуға тікелей атсалысқан еліңіз. Енді, міне, Мемлекет басшысы ретінде бұл бағыттағы жұмысты жаңа қарқынмен жалғастырып келесіз.

Бірлескен күш-жігеріміздің арқасында Қазақ-монғол байланысы стратегиялық серіктестік деңгейіне көтерілді. Бүгін қол жеткізілген маңызды келісімдер достығымызды одан әрі бекемдей түсетіні сөзсіз. Қазіргі алмағайып, дүбірлі кезеңде осы ықпалдастығымызды күшейтудің мәні айрықша. Бұған барлығымыз да мүдделіміз. Сіз қазақ-монғол қарым-қатынасын нығайтуға зор еңбек сіңірдіңіз. Осыған орай мен Өзіңізді Қазақстан Республикасының ең жоғары мемлекеттік наградасы — «Алтын Қыран» орденімен марапаттау туралы шешім қабылдадым.

Бұл награда — барша қазақ халқының Сізге және бауырлас монғол жұртына деген ерекше құрметінің белгісі. Қазақстан мен Монғолияның достығы мәңгі болсын, — деді Мемлекет басшысы.

Ухнаагийн Хурэлсух Қасым-Жомарт Тоқаевқа жоғары марапат тапсырғаны үшін алғыс айтып, Қазақстанмен достық қарым-қатынасты одан әрі дамыту жолында барынша күш-жігер жұмсауға дайын екенін жеткізді.

СЫНДАРЛЫ СЕРІКТЕСТІККЕ СЕРПІН БЕРЕДІ

Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы Парламенттік ассамблеясының Төрағасы Пере Жоан Понс Сампьеромнен кездесті.

Мәулен Әшімбаев мейманға ілтипат білдіріп, бұл сапар ЕҚЫҰ Парламенттік ассамблеясымен байланысты одан әрі кеңейту тұрғысынан стратегиялық маңызға ие екенін атап өтті.

Кездесу барысында тараптар парламентаралық қарым-қатынастарды арттыру, заң шығару тәжірибесімен алмасу, инклюзивті диалогты нығайту және экологиялық күн тәртібін бірлесіп ілгерілету мәселелеріне назар аударды. Сондай-ақ осы бағыттағы басымдықтарға тоқталды. Атап айтқанда, Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев бастамашы болған БҰҰ аясында Халықаралық су ұйымын құру мәселесіне ерекше мән берілді.



«Қазіргі үрдістерге байланысты Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың БҰҰ аясында халықаралық ұйым құру жөніндегі бастамасы айрықша маңызға ие. Мұндай қадам күш-жігерді біріктіруге, функциялардың қайталанбауына және су мәселесін

халықаралық қоғамдастықтың басты назарындағы бағыттардың біріне айналдыруға мүмкіндік береді. Біз Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымын Парламенттік ассамблеясын аталған бастаманы қолдауға және су ресурстарын басқару мәселелері бойынша диалогты

белсенді ілгерілетуге шақырамыз. Қазақстан Парламентінің депутаттары Өңірлік экологиялық саммиттің ұсынымдары Ассамблеяның күн тәртібінде нақты көрініс тауып, осы бағыттағы халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға ықпал етуі үшін бірлесіп жұмыс істеуге дайын», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сондай-ақ Сенат Төрағасы Қазақстан ЕҚЫҰ-ны халықаралық қауіпсіздік пен жаһандық ынтымақтастық саласында тиімді шешімдер қабылдауға серпін беретін маңызды қолдауға тетік ретінде қарастыратынын тілге тиек етті.

«Қазақстан үшін ЕҚЫҰ халықаралық қауіпсіздікті нығайту және өңірлік дағдарыстарды енесу мәселелерінде маңызды институт болып қала береді. Халықаралық шиеленіс артып отырған бүгінгі жағдайда Қазақстан Хельсинки қағидаттарын берік сақтайды. Біз Ұйым институттарымен және Астанадағы ЕҚЫҰ Бағдарламалар кеңесімен қауіпсіздіктің үш негізгі бағыты бойынша тығыз өзара іс-қимылды жалғастырып келеміз. Бұл біздің сындарлы

серіктестікке бедел екенімізді растайды», — деді Сенат Төрағасы.

Сонымен қатар кездесуде Мемлекет басшысының бастамасымен Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформаларды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету үшін ел Парламенті атқарып отырған жұмыс кенінен сөз болды.

Өз кезегінде ЕҚЫҰ ПА Төрағасы елімізде Қасым-Жомарт Тоқаевтың басшылығымен жүзеге асырылып жатқан саяси реформалардың қарқынына он баға беріп, алдағы уақытта ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға дайын екенін айтты.

Бұдан басқа, тараптар «Климаттық сын-кәтерлерді енесу және орнықты даму жолындағы Парламенттік дипломатия: Орталық Азияның келешегі» тақырыбына арналған дөңгелек үстелдің негізгі мәселелерін талқылады. Мәулен Әшімбаев форум идеяларына қолдау білдіргені үшін делегаттарға алғыс білдірді және сенатор Айнуар Арығбекованың Климаттың өзгеруі жөніндегі арнайы өкіл болып тағайындалғанына назар аударды.

23 СӘУІР 2026 | БЕЙСЕНБІ

СУ ҰЙЫМЫН ҚҰРУ БАСТАМАСЫН ҚОЛДАУ МАҢЫЗДЫ



Парламент Сенатының Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен парламенттік дипломатияның климаттық сын-қатерлерді еңсеру жолындағы рөлі және Орталық Азияның орнықты даму перспективалары тақырыбына арналған дөңгелек үстел өтті. Өңірлік экологиялық саммит (RES-2026) аясында ұйымдастырылған іс-шараға Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы Парламенттік ассамблеясының, Астанадағы ЕҚЫҰ Бағдарламалар кеңсесінің басшылығы, сенаторлар, сарапшылар, ғылыми және талдау орталықтары мен салалық институттардың қызметкерлері, сондай-ақ Сенат жанындағы Сарапшылар клубының мүшелері қатысты.

Сенат Төрағасы дөңгелек үстелге қатысушыларға ілттипат білдіріп, XX ғасырдағы ірі экологиялық апаттар – Арал қасіреті мен Семейдегі ядролық сынақтардың зардаптарын еңсеру Қазақстан үшін Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап мемлекеттік саясаттың басым бағыты болып келе жатқанын атап өтті. Қазір еліміз бұл тәжірибені экономиканы декорбонизациялау, «жасыл» энергетиканы енгізу, суды үнемдеу және шөлейттенуе қарсы тиімді күрес жөніндегі ұлттық бас-тамаларды белсенді іске асыру сияқты ауқымды жұмыстармен жалғастырып келеді.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен елімізде экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, қоғамның жауапкершілігін арттыруға және орнықты даму қағидаттарын ілгерілетуге арналған «Таза Қазақстан» бағдарламасы жүзеге асырылуда. Қазақстан

климаттық күн тәртібін ұлттық деңгейде ғана емес, өңірлік және жаһандық деңгейде де жүйелі түрде ілгерілетіп келеді. Орталық Азия мен Ауғанстан үшін БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттары жөніндегі өңірлік орталық құру – осы бағыттағы маңызды қадам. Сондай-ақ Қазақстан Президенті БҰҰ аясында мамандандырылған Халықаралық су ұйымын құру бастамасын ұсынды. Бұл бастама институционалдық үйлесімділікті күшейтуге, функциялардың қайталануын қысқартуға және су мәселесіне халықаралық деңгейде басымдық беруге бағытталған», – деді Мәулен Әшімбаев.

Сондай-ақ ол RES-2026 Өңірлік экологиялық саммиті климаттық күн тәртібі тақырыбына арналғанын тілге тиек етті. Бұл бастама экологиялық сын-қатерлер қауіпсіздікке төнетін негізгі тәуекелдердің бірі ретінде танылған ЕҚЫҰ ПА-ның 2025 жылғы декларациясымен үндесетіні де назарға алынды. Сенат Төрағасы «Ор-

талық Азияның экологиялық ынтымақтастығы» атты қорытынды декларация цифрландырудан бастап БҰҰ институттарымен серіктестікке дейінгі тәжірибелік шешімдер табуы көздейтінін атап өтті. Аталған үдерісте заңнамалық қолдау көрсету және қол жеткізілген келісімдердің орындалуын бақылау арқылы саяси бастамаларды нақты құқықтық тетіктерге айналдыру жолында Парламенттерге ерекше рөл жүктеледі.

Осыған байланысты Мәулен Әшімбаев бірқатар басым міндетті атап өтіп, климаттық күн тәртібін ілгерілетуде және маңызды жобаларды іске асыруда парламенттік дипломатияның рөліне ерекше назар аударды.

Сонымен қатар талқылау барысында ауыл шаруашылығы секторында сұраныс артып отырған қазіргі жағдайда мұздықтардың желел еруі және Сырдария мен Әмудария өзендерінде ағынның азаюы Орталық Азияның су және азық-түлік қауіпсіздігіне тікелей қауіп төндіріп отырғаны әңгімеге арқау болды. Сенат Төрағасы бұл сын-қатерлердің ауқымды шұғыл әрі үйлестірілген әрекеттерді талап ететінін, өйткені экологиялық тоқырау өңірлік экономикалық тұрақтылығы мен өмір сапасына тікелей әсер ететінін айтты.

Дөңгелек үстелге ЕҚЫҰ ПА Төрағасы Пере Жоан Понс, ЕҚЫҰ ПА Бас хатшысы Роберто Монтелла, БҰҰ Бас хатшысының орынбасары Хаолян Шу қатысты. Сондай-ақ ЕҚЫҰ-ның экономикалық және экологиялық қызметін үйлестіруші Бақыт Жүсіпов, ҚР СІМ Ерекше тапсырмалар жөніндегі елшісі Зұлфия Сүлейменова, Әзербайжан Республикасы Милли Мәжілісінің депутаты Азай Гулиев, Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісі Заң шығару палатасы комитет төрағасының орынбасары Бахтиёр Пулатов, ЕҚЫҰ ПА-ның Орталық Азия жөніндегі арнайы өкілі, Грек Республикасының депутаты Ангелос Сиригос, Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар вице-министрі Нұркен Шәрбиев сөз сөйлеп, баяндама жасады.

Іс-шара соңында қатысушылар экологиялық бастамаларды сараптамалық тұрғыдан қолдаудың маңызын атап өтіп, осы бағыттағы сындарлы диалогты әрі қарай жалғастыруға дайын екендерін білдірді.

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен жалпы отырыста депутаттар «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңға енгізілетін түзетулерді бірінші оқылымда мақұлдады. Бұдан бөлек, Оманмен арадағы және ЕАЭО шеңберіндегі кедендік транзиттің бірыңғай жүйесі туралы келісімдер ратификацияланды.



ЖЕРГІЛІКТІ БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЗАҢ ЖОБАСЫ МАҚҰЛДАНДЫ

Парламент мүшелері бастамашы болған «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жобасы Президент тапсырмаларын орындау мақсатымен әзірленген. Заң жобасы өңірлерді нығайтуға және жергілікті өзін-өзі басқару мәртебесін арттыруға бағытталған. Оның нормаларын әріптестеріне Мәжіліс депутаты, заң жобасы авторларының бірі Екатерина Смышляева таныстырды.

Мемлекет басшысы азаматтардың шешім қабылдауға қатысуы маңызды екенін бірнеше рет айтқан болатын. Жоба жергілікті қауымдастықтың жиыны мен жиналысы ұғымдарын заң жүзінде бекітіп, олардың аражігін нақты ажыратып береді. Жиналыс – өзін-өзі басқару органы, ал жиын – тұрғындардың қатысу нысаны. Аумақтық кеңестердің құрылу тәртібі мен функциялары нақтыланды. Бұл ірі ауылдар мен қала тұрғындарының басқаруға көбірек қатысуына мүмкіндік береді, – деді депутат.

Сонымен қатар заң жобасы арқылы мәслихаттардың рөлі күшейтіледі. Екатерина Смышляеваның айтуынша, мәслихат депутаттары әкімдердің халықпен кездесуінен кейін қабылданған жоспарлардың орындалуын бақылауға қатысатын болады. Сондай-ақ оларға бюджетке түзету енгізуге бастамашы болу, бюджет комиссиясының жұмысына қатысу және басқа да мүмкіндіктер беріледі. Сонымен бірге мәслихаттардың коммуналдық нысандарды басқаруға атсалысу деңгейі арта түседі.

Бұған қоса, мәслихат депутаттарының сауалдары ашық қолжетімді жерде жарияланады. Олардың әлеуметтік кепілдіктері де күшейтіледі. Атап айтқанда, іссапар шығындарын өтеу қарастырылған. Ал мәслихат таратылған жағдайда, тұрақты негізде жұмыс істейтін депутаттарға төлем беріледі.

Мәслихат аппаратының қызметін институционалдық тұрғыдан нығайту қарастырылады. Оның басшысын қызметке тағайындау және босату тәртібі белгіленіп, тиісті өкілеттіктер мәслихат төрағасына беріледі. Аппарат басшысына кадрлық процестерді басқару, сонымен бірге аппарат қызметкерлерін тағайындау құзыреті беріледі. Бұған қосымша, мәслихат таратылған жағдайда оның мәртебесі мен қызметі туралы мәселе реттелді.

Депутат атап өткендей, заң жобасы Президенттің ауыл әкімдерімен диалог алаңында және мәслихат депутаттарының форумдарында берген тапсырмаларын орындау аясында бірқатар ұсыныспен толықты. Атап айтқанда, өңірлердің қаржылық дербестігін нығайтуға бағытталған нормалар енгізілді. Жергілікті бюджеттерге үш түрлі төлем мен айыппұлдан қосымша кіріс түсетін болады. Осылайша, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына қаражатты бөлу және шешім қабылдауда көбірек еркіндік беріледі.

Тағы бір маңызды бағыт – мәслихаттар қызметінің ашықтығын арттыру және цифрландыру. Мысалы, отырыстарды онлайн трансляциялауға, құжаттарды жариялауға және хат алмасуға қойылатын талаптар енгізіледі. Заң жобасы депутаттардың жауапкершілігін күшейтеді, сонымен бірге олар үшін әр жартыжылдықта өздерінің сайлау округтерінің тұрғындары алдында міндетті есептерді енгізу ұсынылады. Ал мәслихат төрағасын қайта сайлау мүмкіндігі тек екі мерзіммен шектеледі.

Талқылау барысында баяндамашы мен жауапты мемлекеттік органдардың өкілдеріне өңірлердің қаржылық дербестігі, атап айтқанда, төртінші деңгейдегі бюджеттердің кіріс базасын қалай ұлғайту жоспарланғаны туралы сұрақтар қойылды. Депутаттар сондай-ақ институционалдық даму тақырыбын көтеріп, мәслихат аппараттарының өкілеттіктерін кеңейтудің және жергілікті өзін-өзі басқарудың аумақтық кеңестері институтын одан әрі дамытудың, оның

шінде жергілікті жерлердегі шынайы сұранысын бағалаудың орындылығын талқылады. Бұған қоса, мәслихаттар қызметінің ашықтығын арттыру шаралары, оның ішінде цифрлық технологиялар мен жұмыс тиімділігін арттыру құралдарын енгізу туралы сұрақтар қойылды. Сонымен қатар депутаттар тұрғын үй қорын басқаруды жергілікті өзін-өзі басқару жүйесіне қосу мүмкіндігін және басқа да мәселелерді қозғайды.

Пікірталас қорытындысы бойынша, депутаттар түзетулерді бірінші оқылымда мақұлдау туралы шешім қабылдады. Талқылау Мәжіліс депутаты Мұқаш Ескендіртің жетекшілігімен жұмыс тобының отырыстарында жалғасды.

Жалпы отырыста Қазақстан мен Оман үкіметтері арасындағы табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісім және оған Хаттама ратификацияланды. Оны депутаттарға Қаржы вице-министрі Ержан Біржанов таныстырды.

Қосымша баяндама жасаған Мәжіліс депутаты, жұмыс тобының жетекшісі Қарақат Абден құжаттар екіжақты экономикалық ынтымақтастықты нығайтуға және инвестициялар үшін қолайлы жағдай жасауға, өзара сауданы кеңейтуге бағытталғанын айтты.

Келісім сондай-ақ екі елдің құзыретті органдары арасында ақпарат алмасу арқылы салықтан жалтарудың алдын алуға бағытталған, бұл қаржылық ашықтықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұған қоса, инвесторлардың құқықтарын қорғау және салықтық әкімшілендіруді оңтайландыру бойынша басқа да шаралар қарастырылған. Атап айтқанда, салық салу мақсаттары үшін резиденттікті айқындау, салық салынатын кірістерді бөлу, салық салу кезінде кемсітушілікке жол бермеу, жеңілдіктерді шектеу және басқа мәселелер реттелетін болады.

Сондай-ақ Мәжіліс депутаттары Еуразиялық экономикалық одақ пен үшінші тараптың (тараптардың) кедендік транзитінің бірыңғай жүйесі туралы келісімді ратификациялап, оны әрі қарай қару үшін Сенатқа жолдады.

Жұмыс тобының жетекшісі Қарақат Абденнің деректері бойынша, құжат ЕАЭО мен үшінші тараптардың кедендік шекаралары арқылы тауарларды тасымалдауға қолайлы жағдай жасауды қамтамасыз ететін кедендік транзиттің бірыңғай жүйесі жұмыс істеуінің негізгі принциптерін қарастырады.

Келісім жобасының нормаларын іс жүзінде асыру бақылауды қызметтердің іс-әрекетін азайту, сондай-ақ бизнес шығындарын қысқарту арқылы тасымалдау рәсімдерін жеңілдетуге және оңтайландыруға мүмкіндік береді. Бұл ретте бірыңғай транзиттік декларацияны электрондық құжат түрінде қолдану, кедендік баждар мен салықтарды төлеу міндеттемелерін қамтамасыз етудің бірыңғай тетігін пайдалану көзделіп отыр. Бұған қоса, тауарлардың бүкіл қозғалыс бағыты бойынша тасымалын қадағалау үшін навигациялық пломбаларды қолдану, сондай-ақ кедендік бақылау нәтижелері мен кеден органдары қабылдаған шешімдерді өзара тану маңызды артықшылық болмақ, – деп түсіндірді депутат.

Жалпы отырыста Мәжілістің Экономикалық реформа және өңірлік даму комитеті бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Біріккен Араб Әмірліктері арасындағы экономикалық әріптестік туралы келісімді ратификациялау туралы жаңа заң жобасын жұмысқа алды.

Жалпы отырыста депутаттар мемлекеттік органдарға өзекті әлеуметтік және экономикалық тақырыптар бойынша 14 депутаттық сауал жолдады. Олардың барлығы Мәжілістің ресми сайты мен Telegram-арнасында жарияланды.

БАСТЫ БАСЫМДЫҚ – АДАМИ КАПИТАЛДЫҢ САПАСЫН АРТТЫРУ



Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева көші-қон саясатын жетілдіру және елге жоғары білікті мамандар тарту бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндады.

Оның айтуынша, елімізде инвесторлар мен сұранысқа ие мамандар үшін жеңілдетілген виза режимі сақталып отыр.

«Еліміз орнықты әлеуметтік экономикалық дамуды қамтамасыз ету мақсатында көші-қон саясатын кезек-кезегімен жетілдіріп келеді. Осы бағыттағы маңызды шешімдердің бірі ретінде 2026 жылғы 10 сәуірден бастап шетел азаматтарын тұрақты тұруға қабылдауды реттейтін қосымша шаралар енгізілді. Еліміз үшін басты басымдықтың бірі – адами капиталдың сапасын арттыру. Сондықтан Қазақстан инвесторлар мен сұраныстағы мамандық иелері үшін жеңілдетілген тәртіп сақтап отыр.

Инвесторлар үшін бұрынғыдай арнайы визалар қарастырылған. Атап айтқанда, инвестициялық жобалардың басшылары мен қатысушыларына, сондай-ақ олардың отбасы мүшелеріне А5 және А6 санаттағы визалар беріледі. Бұл инвесторлардың Қазақстан экономикасына еркін келіп, бизнесі дамытуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға жол ашатын маңызды қадам деп санаймыз. Сонымен қатар сұранысқа ие мамандық иелеріне де арнайы визалар көзделген. Оның ішінде тұрақты тұруға рұқсат алуға мүмкіндік беретін санат та бар. Олардың қатарында нейрохирургтер, гематологтар, фармацевтика өнеркәсібінің инженер-технологтары, бактериологтар, графикалық анимация техниктері және басқалар бар.

Бүгінде аталған тізімге 51 мамандық енген. Бірақ бұл өзгермейтін тізім емес.

Экономиканың сұранысына қарай тұрақты түрде жанарғылып отырады.

Қазір көші-қон саясатын тұжырымдамасын 2030 жылға дейін іске асыру аясында аталған тізімді жанарту жұмысы жүргізіліп жатыр. Бұл жұмыс биылғы жылдың соңына дейін аяқталады», – деді министр.

Аида Балаева атап өткендей, мұндай тәсіл экономикадағы өзгерістерге жедел әрекет етуге және нақты сұранысқа ие мамандарды тартуға мүмкіндік береді.

«Сонымен қатар елде жоғары білікті мамандарға жана виза форматтары енгізіліп жатыр. Бұл қадам елімізге танымал таланттарды, озық білім мен заманауи технологияларды тартуға мүмкіндік береді.

Соның нәтижесінде инвестиция көлемі артып, жаңа технологиялар дамып, экономикадағы қарп тапшылығын азайтуға ықпал етеді деп күтілуде.

Сондай-ақ салалық өкілетті мемлекеттік органдардың негізделген өтінішхаты арқылы да Қазақстанға жеңілдетілген тәртіппен кіре алады.

Қабылданып жатқан барлық шешімнің түпкі мақсаты мемлекет, бизнес және қоғам мүддесінің теңгерімін сақтауға бағытталған. Қазақстан адами капиталды тартуға және тұрақты дамуға негізделген заманауи, ашық әрі икемді көші-қон саясатын қалыптастырып жатыр», – деді Аида Балаева.

Ижү ӘЛИХАН



ТЕМІРҚАЗЫҚ

23 СӘУІР 2026 | БЕЙСЕНБІ

(Басы №42, 16.04.2026 санда)

Жапон тақырыбына қалам тартуға келгенде Мұхаң жалғыз емес еді. Қазақстанды ғана емес, бүкіл Орта Азияны, Кавказ жұртын түгелдей жаулап, отаршылдық қамытын баса енгізіп, тыпыр еткізбей отырған Ресейдей алып империяның Қиыр Шығыстан басталған кезекті амбициялық жобасы – «Желтороссияның» тамырына балта шапқан алақандай Жапонияның алапат табыстарын қазақ зиялы қауымы қуана қабылдады.



Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы

Он тоғызыншы ғасырдың соңында Цинь империясы әлсірей бастағанда Ресей 1898 жылғы Орыс-қытай конвенциясына сәйкес әуелі Манжурияның теңізге сұғына орналасқан ұрымтал бөлігі – Квантун облысын соқыр тын да төлеместен 25 жылға жалға алады. Қысы-жазы катпайтын әскери мақсат пен сауда-саттыққа қолайлы Порт-Артур портын тас камалға айналдырып, 1897-1903 жылдары Транссібір магистралі мен Манжур теміржолын салады. Мұнымен де тоқтамай, Харбин мен Порт-Артурдың арасын қосатын, ұзындығы 1000 шақырымнан еркін асатын Оңтүстік-Манжур болат жолын төсейді. Ресей империясы бұдан кейін күші қайта бастаған кәрі Қытайдан Манжурияны біржолата бөліп алып, оны өзінің Қиыр Шығыстағы иеліктеріне біржолата қосу жоспарын жасайды. Өзінің мешеу қалған өңірлерін дамытудың орнына Ресей қомағайлықпен Қытайға миллиардтап қаржы құйып, оған біржолата орныға түседі.

Мейманасы тасыған орыстарды жапондар орыс-жапон соғысы барысында теңіз бен құрлықта бірдей есеніргете жеңіп, орыс экспансиясының тамырына балта шабады. Күмбілдеп, күпсінген Ресей империясы Порт-Артур, Квантун облысы, Оңтүстік-Манжур теміржолы, Ляодун түбегімен қоса, оңтүстік Сахалиннен де айырылып, әлем алдында масқараға ұшырайды. Әрине, мұның бәрі әскери технологиядан кенже қалған ұсақ мемлекеттерді зеңбіректің күшімен оп-онай жаулап, «жеңімпаз» деген жалған атаққа масаттануға үйренген орыс мұжықтарының ашу-ысасын туғызып, Ресейде патшаға, самодержавиеге қарсы бүліктерді өрістетті. Орыс баспасөзі боркемік император Николай мен оның босшалан саясатын аяусыз сыға алды. Көзі қарақты қазақ зиялылары мұның бәрін бақылап қана отырған жоқ, сол кездегі қазақ даласына түгел тараған ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы жетекшілік еткен «Қазақ газетінің» бетінде жапон жеңістері насихатталды.

Ахмет Байтұрсынұлы Жапония туралы арнайы еңбек жазбаса да, осы тақырыпқа қалам тартқандардың көш басында тұр. Ол «Қазақтың» 1913 жылғы 9 наурызында жариялаған «Сырт патшалар жайынан» атты мақаласында: «Азия патшасының ең мықтысы Жапония болып тұр. Жапон қандай екені Ресеймен соғысқанда көрінді. Оны білмейтін қазақ жоқ шығар», — деп ер халыққа деген ризашылығын білдіріп өтеді (Байтұрсынұв. А. Шығармалары, А., 2023, 20-том, 226-бет).

Ахмет Байтұрсынұлы Жапонияның табыстарын «азиялық ынтымақтастық» тұрғысынан насихаттайды. Ол жапондардың ара-тұра Еуропаның дамыған мемлекеттерінің өзіне сес көрсете бастаған Ресейді жеңіп шыққанынан кейін: «Еуропа жұртының көңіліне қорқыныш кіре бастады», — деп жазады. Бұдан соң Ахмет ойын ұзата түсіп: «Бұл қорқыныштың мағынасы мынау: Жапонияның ойынып, күшейгенін көріп, Азиядағы өзге жұрттар оянады. Азия оянаса... күшін қосып Еуропаға жабылады», — деп сол замандағы еуропалықтар қалыптастырған жадағайлау пікірдің шетін шығарады. Олар мұны болдырмау үшін «Ойанғанның арасына алалық кіргізіп бытыратып, аздырып, берекесін кетіру керек деген Еуропа білімділерінің пікірлері бар», — деп бастапқы ойын дәйектей түседі.

Шындығында еуропалықтардың бұлай ойлауы азиялықтарды дамуының төменгі сатысында тұрған «жартылай жабайы халық» деген астамшыл пікірден туындады. Олар Азия халықтарының басым бөлігі бір-бірімен мүлде араласпаған тілі, өмір салты мүлде бөлек, діні әралуан, даму деңгейі де әртүрлі екендігін білсе де, олардың бәріне керендердендікпен қарады.

Жапондардың өзі де шығу тегі жағынан өздеріне жақын келетін корей халқының мәдени дамуы төмен халық ретінде бағалады. Ал жазу-сызуының төркіні бір, мындаған жылдық тарихы бар қытайларға саны басым болса да, замана жаңалығына ілес алмаған мешеу жұрт ретінде назар аударды.

А. Байтұрсынұв қай тақырыпқа қалам тартса да, қазақтың қамын бәрінен биік қойған. Ол «Қазақ керегі» деген мақаласында: «Жапон соғысы Ресейге жағдайсыз тиіп, іс жаманға айналып, бітеу жара сықылды іштегі нәрселер, 1905 жылы тесіліп сыртқа шықты», — деп келіп, қазақ мұндай жағдайда Ресей билігінен өзіне қажетін талап етуі керек деген мәселені алға шығарады.

Ахмет Байтұрсынұлы төрт топқа жіктеп, оларды дін ісі, оқу комиссиясы, құқық мәселесі және шаруа комиссиясы деп жіліктеп көрсетеді.

Ол «үкімет ісінің азғындығын» сыға алып, оны түзету үшін қазақ өз мұқтажын өзі тандап, сол үшін күресуі қажеттігіне тоқталады.

Ахмет жетектеген «Қазақ» газетінің авторлары жиі-жиі жапон тақырыбына қалам тартып, жігерлі жұрттың табыстарын қазақтарға үнемі үлгі-өнеге ретінде ұсынып отырған.

«Алаш» көсемі Әлихан Бөкейханов та жапон тақырыбынан тыс қалмаған. Оның 1910 жылы жазылған «Қазақтар» (түпнұсқада — «Киргизия») атты мақаласында: «Жеделхаттар жапондардың үздіксіз жеңістері жайлы хабар жеткізумен болды», — деп, жапондардың орысты ойсырата жеңгендігі туралы хабар қазақ даласына кенінен тарағанын жазды. Соның арқасында жапондардың қазақпен «туыстас», тіпті «діндес» екендігі жөнінде дала ұзынқұлағының желдей ескендігін де көрсетіп өткен. Орыс-жапон соғысы туралы хабарлардың қазақ даласын елден текені туралы: «Мұның бәрі олардың соғысқа деген қызығушылығын оятып. Қазақ даласына татар тіліндегілерді былай қойғанда, орыс газеттері көптеп жете бастады», — деп жазады (Бөкейхан Ә., А., 2016, Шығармалары, 8-том, 52-бет).

Ә. Бөкейханов өзінің «Қыр баласы» деген бүркеншік атпен «Қазақ» газетінде жарияланған «Жапон һәм Қытай» атты мақаласында орыс-жапон соғысының нәтижесінде «бұрын орыс қол астында болған солтүстік Манжурия» ендігі жерде жапонның қарамағына өтіп, «Жапон саудасына бостандық жол ашылды» деп, соғыстағы жеңістің Жапонияның саудасаттығын күшейтіп, экономикалық әлеуетін арттыруға зор мүмкіндіктер ашқандығын тарата жазған.

Бөкейханов: «Қытайды Жапон билемек, пайдаланбақ. Қытайдың ақша, теміржол, оқу министрлігі мекемесінде жапон ақылшы кісі ұстайды», — деп, Жапонияның Қытайды бағындыруының экономикалық тиімділігіне көбірек үніледі.



Алаш көсемі Әлихан Бөкейханов

Мақала жарияланған 1915 жылы Мемлекеттік Думаға депутат мәртебесіне дейін көтерілген Әлихан Бөкейханов жапонның түпкі мақсатын: «Жапонның осы мақсаты түгел орнына келсе, Қытай Жапон патшалығының бір уәлаяты болады», — деп ашық көрсетеді. Бұдан әрі алып Қытайды біржолата бағындырудың онай еместігіне де назар аударып: «Жапонның бұл ісі асығыстық, артықшылық болса керек», — деген баға береді (Бөкейхан Ә. Шығармалары, А., 2016, 8-том, 460–61-беттер). Кейінгі тарих қазақтың сұңғыла саясаткері пікірінің дұрыстығын дәлелдеп берді.

Бірнеше тіл біліп, соңына қазақтың арғы-бергі тарихына, ескі әдебиет үлгілеріне қатысты мол мұра қалдырған Халел Досмұхамедов те жапон тақырыбына арнайы мақала жазбаса да, еңбеккер елдің зор табыстары оны студент кезінен-ақ қызықтырған екен.

Х. Досмұхамедов Императорлық әскери-медициналық академиясында оқып жүргенде саяси күреске қатысқаны үшін үнемі жандармерияның аңдуында болған. Мәскеудің әскери-тарихи мұрағатында сақталған Халелдің 1904 жылы 7 қазанда



Мұхтар ҚҰЛ-МҰХАММЕД, ЗАҢ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР, АКАДЕМИК

АЛАШ ПЕН ЖАПОН АРАСЫ

Казан мал дәрігерлік институтының студенті Ғұбайдолла Бердиевке жазған хатында: «Когда подумаешь, что кроме тебя, десятки или даже сотни киргизов получают высшее образование, то приходишь к всячески, что и этот народ способен к труду, к прогрессу, что и он, может быть когда-нибудь займет в мировом господстве одно из почетных мест, что и он может сделаться второй Японией», — деп атап көрсетеді.

Орыс отарында болған халқының болашағына зор алаңдаушылық білдірген жас Халел бұл хатта «мәдениет тартуға» келген надан мұжықтардың қазақ, татар, башқұрт, қалмақтарға көрсетіп отырған жүгенсіз, озбыр, зорлықшыл әрекеттерін өткір сығына алады.

Алаш қайраткерлері ішінде Райымжан Мәрсеков қана жапондардың саяси жүйе мен экономикасын реформалаудағы табыстарын терендете зерттеумен шектелмей, кейін олармен нақты байланыстар орнатуға дейін барды.

Райымжан Мәрсеков — Алаш қайраткерлерінің аға буын өкілдерінен. Ол әуелі қазақтан шыққан алғашқы заңгерлердің бірі Жакып Ақбаевпен қатар Санкт-Петербург университетінің заң факультетінде білім алғанда патшаға қарсы студенттердің саяси бас көтерулеріне қатысып, оқудан шығарылады. Алған бетінен қайтпайтын Райымжан елге келіп бой тасалап, қуғынға бөсеніген кезде Казан университетінің заң факультетінде оқуын жалғастырады. Қайсар Райымжан студенттерді жазалау науқаны аяқталған соң қайтадан Санкт-Петербург университетіне ауысып, оны 1902 жылы ойдағыдай тәмамдаған соң елге оралады. Присяжный поверенный, тергеуші, адвокат қызметтерін атқарып, Алаш қозғалысының көш басында болады.

Студент кезінен-ақ Жакып Ақбаев, Айдархан Тұрлыбаев, Әлихан Бөкейханов, Мұхамеджан Тынышбаев сияқты болашақ Алаш қайраткерлерімен рухтас, пікірлес болып, өте жақын араласқан Райымжан кейін ежеттес достарымен саяси күрестің алдыңғы шебіне шығып, Алашорда үкіметінің мүшелігіне сайланады.



Алаш қайраткері Райымжан Мәрсеков

Р. Мәрсеков 1917-19 жылдары Семей қаласында шығып тұрған «Сарыарқа» газетіне Х. Ғаббасов, Ә. Бөкейханов, И. Әлімбаев, Ш. Керейбаевтармен кезектесе бас редакторлық жасаған. Ол әр жылдарда «Дала уәлаятының газеті», «Киргизская степная газета», «Айкап», «Қазақ», «Сарыарқа», «Алаш» басылымдарында, қалат партиясының орталық органы саналатын «Свободная речь» газетінде қазақ қоғамын жетілдіру жөнінде қазақ және орыс тілдерінде танымдық, насихаттық, проблемалық мақалалар жариялап, туған халқына азаттық, теңдік жолындағы күреске шақырады.

Присяжный поверенный Р. Мәрсековтің белсенді, берекелі қызметі жайлы «Айкап», «Қазақ» газеттері де жазып, оның ұлт мүддесі жолындағы игілікті істерінен өз оқырмандарын хабардар етіп отырған.

Р. Мәрсеков қаламынан шыққан «Патшалық», «Патшалықтар арасындағы заң», «Көпшілдер кесірі — шет мемлекеттердегі қозғалыс» атты мақалаларында жапон тақырыбы сөз болады.

Райымжанның «Қазақ» газетінде жарық көрген «Патшалықтар арасындағы заң» атты мақаласында халықаралық құқық, дипломатиялық байланыстар мәселесі сөз болып, автор: «Россия мен Япония соғысында екі жақтың елшілері арасында біздің ашықты, сондықтан біз елімізге қайтық деп жүріп кеткен соң, 6 сағаттан кейін Жапон соғысты бастап жіберді, түнде Порт-Артур шаһарының бұғазында тұрған Россия кемелері келіп тиіп, мина тастай бастады», — деп жазады («Қазақ», 1914, №63). Бұл автордың орыс-жапон соғысының басталу аяқталған-ақ қалағалап отырғанына хабар береді.

Р. Мәрсековтің өз қолымен толтырған атқаратында 1917 жылы Семей облыстық



Әлихан Бөкейханов, Райымжан Мәрсеков, Тұрағұл Құнанбаев Семей қазақтарымен бірге

Қазақ комитетінің төрағасы, ал 1918 жылы облыстық жер басқармасының (Земуправ) төрағасы болғандығы нақты көрсетеді.

Райымжан Мәрсеков басқарған Семей жер басқармасы сол замандарда қағаз жүзінде қалған көп ұйымдардың бірі емес, құрылымы да, өкілеттігі де мығым мекеме болған. Оның құрамында қаржы-сметалық, халыққа білім беру, бағалау, тексеру, банк комиссиялары, уездік сот, жер банкі, есептік-қарыз комитеті сияқты комиссиялар мен комитеттер және құқықтық құрылымдар жұмыс істеді. Бұларда Әлімхан Ермеков, Халел Ғаббасов, Мұстахым Малдыбаев, Тұрағұл Ибрагимов (Абайұлы), Әнияз Молдабаев сияқты танымал Алаш қайраткерлерімен қатар, орыс ұлтынан шыққан Н. Керн, К. Ляшкевич, П. Лодэ сияқты азаматтар болды.

Жер басқармасының төрағасы ретінде Р. Мәрсековтің өзі де, оның құрамындағы қайраткер азаматтар да қазақ халқының тығырықтан алып шығу жолында қажырлы еңбек етті. Оны Р. Мәрсековтің Бүкілресейлік земство жиналысының төрағасына 1917 жылдың 9 желтоқсанында жазған жазбасынан, дәл осы күні Петроградтағы Мемлекеттік банк басшылығына жолдаған жеделхатынан т.б. аңғаруға болды.

Шығыс Қазақстан облыстық Жаңа тарих құжаттары орталығының мұрағатында 1919 жылдың 18 қаңтарында Владивосток қаласында Семей облыстық земство басқармасы және Алаш қазақ несие серіктестігі мен американдық «Андерсон, Майер және Ко» фирмасының арасында жасалған шарт сақталған.

Бұл құжат кейін Алаш қайраткерлерін қуғынға, жазалау науқаны кезінде «жапон тыңшылығы» деген айыптарға ілік болғандықтан, оның жай-жапсарына жан-жақты тоқталып өтуді жөн көрді.

Құжатта баяндалғандай, американдық фирма атынан Ганс Христианович Андерсон, ал «Семей уездік земство және Алаш қазақ несие серіктестігі» жағынан Иван Капитонович Лебедев пен Семей облыстық земство басқармасының өкілі Райым-

жан Мәрсеков он бес миллион рубльға түрлі тауарлар жеткізу туралы 26 пункттен тұратын ауқымды шарт жасасқан.

Шартқа Семей тарапынан қол қоюшы И. Капитонов Семей уездік, ал Р. Мәрсеков Семей облыстық земство басқармасының өкілі деп көрсетілген және екеуінің сенім-хаттарын екі нотариус растаған.

Шартқа сәйкес оған қол қойылғанынан кейін Семейліктер фирманың қасасына қолма-қол ақшамен бір миллион рубль өткізеді. Тауар земство өкілі мақұлдағанынан кейін Владивостоктан теміржол арқылы Семейге жөнелтуге тиіс болды. Төлем Семейде арнайы бөлімшесі бар Орыс-Азия банкі арқылы жүзеге асырылады. Шарт үш данамен жасалып, оның түпнұсқалары фирмаға және Лебедев пен Мәрсековке беріледі деп көрсетілген.

Бұл шарт Алаш қайраткерлерінің Баласапыран заманын өзінде-ақ халықаралық деңгейге шығып, әлемге танымал компания басшыларымен іскерлік байланыс орнатқанын дәлелдейді.

Белгілі алаштанушы ғалым Сұлтанжан Аққұлыұлы Райымжан Мәрсеков Қиыр Шығыс сапарына Әлихан Бөкейхановтың құпия тапсырмасы бойынша Жапония үкіметінің басшылығымен келіссөздер жүргізу үшін 1918 жылдың желтоқсанында аттанғанын жазады. Ғалым Алашорда үкіметінің басшысы Ә. Бөкейханов бұған дейін 1918 жылдың басында А. Байтұрсынұлы пен М. Дулатовты Шығыс Түркістанға жіберіп, оларға Жапонияның бас консулдығымен байланыс орнатуды тапсырғанын да атап өтеді.

Алаш қайраткерлерінің Шәуешекке жасаған сапары мен сол жердегі қазақ зиялыларымен бірге түскен суреті жайлы кезінде алаштанушылар аз жазған жоқ, бірақ олардың жапон консулдығы өкілдерімен кездескені туралы нақты дерек жоқ.

С. Аққұлыұлы Владивосток сапары барысында Р. Мәрсековтің Жапонияның бас консулдығында болып, онда бас консулдың орынбасары Риз Ватанабэмен келіссөздер жүргізгенін атап өтеді. Дәл осы кездесу барысында ол Алаш автономиясы атынан Жапон үкіметіне жолдаған хатты табыстаған.

Кейін репрессияға ұшыраған Алаш қайраткерлерінің тергеу материалдарында жиі аталатын бұл хаттың толық мазмұны бізге ұзақ жылдар бойы беймағлұмда болып келді.

Кейінгі жылдары жапон ғалымы, Хоккайдо университетінің профессоры Томохико Уяма Р. Мәрсековтің Жапон үкіметіне жолдаған хатының жапон тілін-

дегі аудармасын (түпнұсқа табылмаған) Жапония Сыртқы істер мұрағатынан тауып, Алаш автономиясының халықаралық байланыстарына қатысты аса маңызды құжатты жарыққа шығарды.



Профессор Т. Уяма тапқан Р. Мәрсековтің Жапон үкіметіне жолдаған хаттың бір бөлігі

Томохико Уяма тапқан құжат 9 беттен тұрады. Райымжан Мәрсеков хатты (жапондар мұны «петиция» деп аударған) қазақ халқы мен оның Ресейге отар болуы тарихынан бастап, олардың Казан төңкерісінен кейін Алаш автономиясының жариялап, Алашорда үкіметін құрғандығы туралы мағлұматтардан бастаған. Ол өздерінің сол кездегі Түркістан республикасы мен Башқұрт автономиясы сияқты жас мемлекеттермен бірлесіп, большевиктерге қарсы күрес жүргізіп жатқандығы жайынан да хабар берген. Алаш әскерлерінде қару-жарақ, дәрі-дәрмек пен азық-түлік тапшы болып тұрғандығын алға тартып, қазақтарға көмек беруді өтінеді.

(жалғасы бар)

ҰЛТТЫҚ КІТАП КҮНІ

23 СӘУІР 2026 | БЕЙСЕНБІ

Ұлттық кітап күні елімізде биыл екінші жыл қатарынан аталып өтіп жатыр. Бұл күн – қоғамның зияткерлік әлеуетін арттыруға бағытталған маңызды бастама. Мерекенің мәні тек кітапты насихаттаумен шектелмейді, ол оқуға деген қызығушылықты оятып, ұлттың ой-өрісін кеңейтуге, таным көзжиегін тереңдетуге үндейді. Айрықша маңызы бар бұл күн 2023 жылғы Ұлттық құрылтайдың екінші отырысында Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен ресми түрде бекітілген еді. Мемлекет басшысы бұл жөнінде: «Кітапқұмарлық – өте жақсы қасиет. Көптеген мемлекет Ұлттық кітап күнін атап өтеді. Біз де осы тәжірибені қолдануымыз керек. Ең алдымен, жастарды кітап оқуға баулымыз қажет. Сонда ғана жаппай кітап оқитын ұлтқа айналамыз», – деп атап өткен-ді.

КІТАП

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Әлем жұртшылығы да кітап күнін тойлайды. Яғни, ЮНЕСКО бастамасымен 23 сәуір Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық күні ретінде ресми түрде белгіленген. 1995 жылы болған айтулы күннің басты мұраты – кітап оқуды дәрiптеу, бiлiм мен рухани құндылыққа деген құрметтi арттыру, сондай-ақ шығармашылық иелерiнiң еңбегiн қорғау мәселесiне қоғам назарын аудару. Күннің дәл осы датаға бекітілуі де кездейсоқ емес. 1616 жылдың 23 сәуірінде әлем әдебиетінің ұлы өкілдері – Уильям Шекспир, Мигель де Сервантес және Инка Гарсиласо де ла Вега өмірден озды. Олардың шығармалары адамзаттың рухани қазынасын байытып, әдебиет тарихында өшпес із қалдырды. Сондықтан бұл күн тек даталық белгі ғана емес, сөз өнеріне деген тағзымның символына айналды. Дүниежүзілік кітап күні аясында ерекше мән берілетін бағыттардың бірі – авторлық құқықты қорғау. Бұл ұғым жазушы, акын, суретші, композитор сынды шығармашылық тұлғалардың еңбегін заң жүзінде сақтауды көздейді. Әсіресе, ақпарат ағыны күшейген цифрлық дәуірде авторлық құқықтың бұзылу деректері жиілеп отырғаны белгілі. Осы тұрғыдан алғанда, зияткерлік меншікті қорғау мәселесі бүгінгі күні бұрынғыдан да өзекті сипатқа ие болып отыр.

БАСПА САЛАСЫ ӨЗ БАҒАСЫН АЛА БАСТАДЫ

Осыған ұқсас ерекше бағыттарды, атап айтқанда қоғамның дамуына ықпал ететін маңызды құндылықтың бірі – кітап оқуға деген құштарлықты, елдің барлық өңірінде кітап оқу мәдениетін арттыруды алға тартатын күн де осы датамен сәйкес келеді. Демек, әлемдік деңгейде кенінен атап өтілетін бастамамен үндес келетін Ұлттық кітап күнінің еліміз үшін де маңызы айрықша екенін атап өткен жөн. Баспагерлер, полиграфистер және кітап таратушылар ассоциациясының президенті Әділ Қойтановтың айтуынша, руханиятқа бетбұрыс жасайтын бұл күннің атап өтілуі қазақ қоғамы үшін үлкен жетістік. Өйткені мұндай мереке бізге аса қажет еді. Себебі баспа саласында еңбек етіп жүрген жандар аз емес. Кітаптың жарық көруіне автордан бастап баспагерге, кітапханашыдан полиграфиста маманына дейін қаншама адам маңдай терін төгеді. Алайда осы уақытқа дейін бұл сала өкілдерінің еңбегі көбіне өзге мерекелердің тасасында қалып, кейде мәдениет күні аясында ғана аталып өтетін. Соның салдарынан олардың қажырлы еңбегі көп жағдайда еленбей қалады.

– Ұлттық кітап күні мерекесі соңғы екі жылдан бері тойланып келеді. Оған дейін мұндай арнайы мереке болған жоқ. Кеңес үкіметі кезінде «Баспа күні» аталып өтетін. Сондықтан бұл мерекені енгізу үшін біз

ОҚЫҒАН ҰЛТ ОЗАДЫ

көрмелерге де атсалысып жүрміз. Кейбір баспалардың үлкен стенд алуға шамасы келе бермейді. Осындай жағдайда біз көмекке келеміз, – дейді ол.

Әділ Қойтановтың жастармен жиі кездесулерде байқағаны: олардың көпмодық кітаптарға әуестігі айтарлықтай жоғары деңгейде емес. Көбіне жас оқырман өз болмысы мен мәдениеті көрініс таппан шығармаларға жақын келеді. Сондықтан жастардың кітапқа деген ынтасын арттыру үшін түрлі әдеби байқау ұйымдастырылып жатыр. Сарапшының сөзінше, жазушылар соңғы уақытта он миллион теңгеге дейін сыйақы алып жүр. Мәселен, «Айбоз» ұлттық әдеби сыйлығы бүгінде мемлекеттік марапат деңгейіндегі бәсекеге айналған. Тіпті, тек авторлар ғана емес, оқырмандар арасында да түрлі жарыс өткізіле бастаған.

– Мысалы, Ұлттық кітап күніне орай баспалар арасында байқау өтеді. Бірнеше номинация бойынша марапаттар табысталады. Бұған дейін мұндай байқаулар тек авторлар арасында ғана ұйымдастырылатын. Ал кітапты басынан аяғына дейін дайындайтын баспалар елеусіз қалып қоятын. Былтырдан бері осы бір жақсы үрдіс қалыптаса бастады, – делі Ә.Қойтанов.

«ОҚЫРМАНҒА ҰСЫНАР ДҮНИЕНІҢ САЛМАҒЫ БОЛУЫ ШАРТ»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ғалымдарды марапаттау рәсімінде сөйлеген сөзінде кітаптың адам өміріндегі айрықша орнын атап өтті. «Кітап оқыған адам рухани тұрғыдан байып, ой-өрісі кеңейіп, өмірге деген көзқарасы қалыптасады. Сондықтан әр қаламгер шығарма жазу барысында «оқырман бұл туындыдан не үйренеді, қандай тағылым



Қоңыр Мұқатайқызы кітап саласындағы үдерістердің барлығымен етене таныс. Ол Қазақстандағы баспа ісінің тарихына үніліп, оның тамыры 1920 жылдың 4 қарашасынан бастау алғанын айтады. Дәл осы күні елімізде баспа ашу туралы қаулы қабылданып, тиісті ережелер бекітіліп, алғашқы баспа дүниеге келген еді. Сарапшы бүгінде шығарылып жатқан кітаптардың тек өнім ретінде ғана емес, эстетикалық құндылық ретінде де ұсыныла бастағанын тілге тиек етті. Айтуынша, бұл бағытта алдыңғы қатарда жүрген «Атамұра», «Аруна», «Алматыкітап» және «Арман ПВ» секілді баспалар бүгінгі күні халықаралық кітап шығару стандарттарын менеріп, сапалы әрі тартымды өнім ұсынып келеді.

– Бүгінде қазақ тілінде жарық көретін кітаптарға деген сұраныс айтарлықтай жоғары. Бұл үрдіс ресми статистикадан да айқын көрінеді. Мәселен, Ұлттық мемлекеттік Кітап палатасының жыл сайынғы деректеріне қарап отырсақ, елімізде шығарылатын кітаптардың шамамен 70 пайызы қазақ тілінде, 26 пайызы орыс тілінде, ал қалған бөлігі өзге тілдерде басылады екен. Қазір отандық баспалар нарық талабына бейімделіп үлгерді деуге толық негіз бар. Жаңа авторлардың шығуы, кітап дүкендерінің заманауи форматқа көшуі, маркетингтің жандануы, халықаралық фестивальдарға қатысу секілді тың үрдістердің қалыптасуы – соның айқын дәлелі. Мәселен, Ұлттық кітап күні аясында

2021-2025 ЖЖ. БАСПАЛАР САНЫ

2021

266
баспа саны

2022

240
баспа саны

2023

261
баспа саны

2024

231
баспа саны

2025

245
баспа саны

келсе, оқырманға ұсынатын дүниенің де салмағы болуы шарт. Кітап халыққа не береді, ұлтты қай деңгейге көтереді, әлемге қалай танытады – осы сауалдар әрдайым алдыңғы қатарда тұруы керек, – дейді қаламгер.

Соңғы жылдары кітап оқуға мүмкіндік те, оған бастайтын жолдар да кеңейгені байқалады. Жастардың кітап клубтары мен оқу топтары пайда болып, бірін-бірі кітапқа үндейтін орта қалыптасып келеді. Қаламгер Сәуле Досжан мұндай құбылыстың жиілеуіне кітапханашылардың қосқан үлесі басым екенін айтты. Сондай-ақ оқырман сұранысының артқанына байланысты жаңа баспалар пайда болып, көпшіліктің қалауын қанағаттандырып жүргенін де назардан тыс қалдырмады.

– Бүгінде жастар арасында кітапқа деген қызығушылықтың артып келе жатқаны қуантады. Кітапханашылар да бұл бағытта ауқымды жұмыстар атқарып жүр. Олар тек кітап сақтаушы ғана емес, ірі мәдени жобалардың ұйымдастырушысы ретінде танылып жатыр. Мәселен, Алматыдағы Ұлттық кітапхана мен Астанадағы Ұлттық академиялық кітапханасында кәсіби мамандар түрлі мереке мен мерейтойларға арналған кештер, конференциялар өткізуге атсалысып келеді. Одан бөлек, біз бұрын балалар әдебиетін шығаратын баспалар жоқ деуші едік. Қазір ерекше дизайнға шығатын Ата Creative HUB баспасы балалар әдебиетін дамытуға үлес қосып келеді. Ал Steppe & World пен «Мазмұндама» әлем әдебиетінің үздік туындыларын қазақ тіліне аударып, сұранысы да, сатылымы да жоғары баспаларға айналды, – делі ол.

Кітап оқуға баулу тек үлкен жобалармен шектелмейді. Мәселен, Раиса Қалырдың кітап дүкені балаларға арнап әр сенбі сайын кітап оқу сағаттарын ұйымдастырады. Осындай шағын бастамалардың өзі үлкен мәдениеттің іргетасын қалайды. Өйткені кітап оқу мәдениеті дәл осындай қарапайым, бірақ жүйелі қадамдардан басталады.

КІТАП ИНДУСТРИЯСЫ ДАМУЫН КЕЛЕДІ

Ұлттық мемлекеттік Кітап палатасының газетімізге берген мәліметінше, қазір елімізде 250-дей баспа және баспа ісімен айналысатын ұйымдар тіркелген. Соңғы бес жылда Қазақстан нарығында Сособook баспасы 2022 жылдан бастап балаларға арналған танымдық басылымдар, Abai баспасы 2021 жылдан бастап, Ата Creative HUB баспасы 2024 жылдың 4 мамырынан бастап танымдық кітаптар

шығарады. Vaibol qazaq баспасы (2022), Khan comics баспасы (2022), Zerde publishing баспасы (2022), Maqauin publishing house баспасы (2024), Qasym баспасы (2020), Qyt balasy баспасы (2023), Tentek publishing house (2023), Marfu Press баспасы (2022) әртүрлі бағыттағы кітаптарды жарыққа шығарып келеді.

Кітап палатасының дерегіне сәйкес, кітап нарығында жарыққа шығатын кітап саны соңғы жылдары артып отыр. Оны мына ресми статистикалық көрсеткіш дәлелдейді: 2021 жылы – 5917 түрлі кітап, 2022 жылы – 4044 кітап, 2023 жылы – 4012 кітап, 2024 жылы – 5620 кітап шығарылса, былтыр әртүрлі бағыттағы 6206 кітап шықты.

Халықаралық баспагерлер қауымдастығының мәліметі бойынша, әлемде кітап шығару ең табысты бизнестің бірі саналады. Тіпті, киноиндустриядан келетін пайдадан да артық. Бүгінде дәл мұндай нәтижеге жете қоймасак та, соңғы жылдары елімізде кітап нарығының өсіп келе жатқанын анық байқаймыз. Бұл құбылыс арамызда кітап оқуға құлшыныстың артып, сұраныстың жоғары екенін білдіреді.

Баспагерлер, полиграфистер және кітап таратушылар ассоциациясының президенті Әділ Қойтановтың айтуынша, соңғы жылдары кітап нарығына оншақты жаңа баспа қосылып, соның нәтижесінде аударма әдебиетінің де аясы кеңейіп түскен. Бұрын қазақ авторларының балаларға арналған туындылары, не болмаса әлем әдебиетінің таңдаулы шығармалары ана тілімізде қолжетімсіз еді. Қазір жекелеген баспалар бұл олқылықтың орнын толтырып, шетелдік еңбектердің құқықтарын өз қаражатына сатып алып, аударып, оқырманға ұсынып жатыр.

– Нарыққа келіп, басын тасқа ұрып, кейін қайтып жатқандар да аз емес. Әуелде кейбірі кітап шығарып, сатып, байып кетеміз деген дүниеауи оймен келді. Алайда кітап – нан емес. Оны шығару да, тарату да, өткізу де қып-қызыл еңбек пен сауатты менеджменттің, нақты стратегияның нәтижесінде ғана жүзеге асатын іс. Қазіргі оқырман сұранысына сай безендірілуі өзгеше, мазмұны тартымды, non-fiction деп аталып жүрген танымдық кітаптарды жанадан ашылған баспалар жақсы қолға алды деуге болады. Ал классикалық шығармалар бұрынғыдай көп оқыла бермейді. Жалпы алғанда, нарықта сұраныс артты дегіміз келеді. Бірақ бәрі де кітаптың сапасына, оған салынған еңбекке байланысты екенін жасыра алмаймыз, – дейді Әділ Қойтанов.

Баспа саласында 50 жылдан астам уақыт қызмет етіп келе жатқан библиограф-ғалым

өтетін халықаралық деңгейдегі фестивалдар да саланың ауқымы кеңейіп келе жатқанын көрсетеді. Жақында қазақстандық баспагерлер Болоньядағы кітап жәрмеңкесіне қатысып қайтты, – делі ғалым Қоңыр Мұқатайқызы.

Ұлттық кітап күнінің маңызы оның қоғамға берер нақты әсерімен өлшенеді. «Бұл күннің маңызы қандай?» деген сауалымызға Қ.Мұқатайқызы үш бөлімге жіктеп жауап берді. Біріншіден, оқу мәдениетін қалыптастыру – ұлттың интеллектуалдық деңгейін арттырудың негізгі тетіктерінің бірі. Екіншіден, баспагерлерді қолдауға серпін берсе, үшіншіден, ұлттық брендті қалыптастырады. Яғни, «кітап оқытын ұлт» тұжырымын орнықтырып, кітап оқуды заманауи трендке әрі мақтаншықа айналдыруға ықпал етеді.

КІТАПҚА БЕТБҰРЫС АПТАЛЫҒЫ

Мәдениет және ақпарат министрлігінің мәліметінше, апталық аясында еліміз бойынша 1500-ден астам іс-шара өткізу жоспарланған. Бағдарлама мазмұны да сан қырлы: «Артық бірлік кітапта...», «Сөз өнеріндегі өлкетану», Weekend. Book. Vibes, «Кітапхана түні» акциясы, «Кітап. Тарих. Шежіре» және «Кітап – достық амбассадоры» тақырыптарымен жалғасып, 23 сәуір – Ұлттық кітап күнімен түйінделеді. Бұл күн тек мерекелік сипатпен шектелмей, қоғамның рухани дамуына серпін беретін мазмұнды бастамалармен ерекшеленуге тиіс. Осы орайда өткізілетін байқаулар, фестивалдар мен көрмелер нақанда оқушылар мен студенттер отандық және шетелдік қаламгерлермен кездесіп, пікір алмасып, қолданбалы кітаптарға қол жеткізу мүмкіндігіне ие болады. Көрме-жәрмеңке 22-27 сәуір аралығында күн сайын сағат 10:00-ден 20:00-ге дейін оқырман қауымға қызмет көрсетеді. Мұнда Қазақстан кітап нарығындағы үздік туындылар қолжетімді бағаммен ұсынылады. Апталық барысында кітапханаларда тақырыптық көрмелер, әдеби кештер, таныстырылымдар мен түрлі мәдени бағдарлама ұйымдастырылып, кітаптың қоғамдағы рөлін нығайтуға ерекше көңіл бөлінеді. Бұл бастамалар оқырман санын арттырумен қатар, жас ұрпақтың кітапқа деген сүйіспеншілігін қалыптастыруға оң әсерін береді.

ЖАЛПЫ КІТАП САНЫ БОЙЫНША «ҮЗДІК 10 БАСПА»

(азао тәртібімен)

№	2025		2024	
	Баспалар	Кітап саны	Баспалар	Кітап саны
1.	Қазақ университеті	256	«Фолиант» (Астана)	166
2.	«Фолиант» (Астана)	129	«Арман-ПВ» баспасы	144
3.	«Атамұра» (Алматы)	119	Қазақ университеті	135
4.	«Мектеп»	87	«Атамұра» (Алматы)	118
5.	«Алматыкітап баспасы» (Алматы)	74	«Мазмұндама» (Алматы)	89
6.	«Көкжиек-Горизонт»	72	«Мектеп»	83
7.	«Союз писателей Казахстана»	41	«Алматыкітап баспасы» (Алматы)	68
8.	«Qasym» БҰ	37	«Кітап+Дәуір» (Алматы)	60
9.	«AmalBooks» баспасы	32	«Самға» баспасы	49
10.	«Кітап+Дәуір» (Алматы)	30	Тоғанай-Т	37

Ұлттық мемлекеттік Кітап палатасының мәліметі бойынша

қаншама жыл ұсыныс айтып, хат жазып жүрдік. Соның нәтижесінде, 2024 жылы Президенттің өзі қолдап, бекітіп берді. Бұл күннің кітап саласындағы мамандар үшін де маңызы зор. Биылғы мерекенің бір ерекшелігі – екі мейрамның біріктірілуі. Енді ол Ұлттық кітап және кітапханашылар күні болып аталып өтеді. Сондықтан екі саланың басы бір арнаға тоғысып, үлкен мерекеге айналады деп ойлаймын. Бұл – өте тамаша үрдіс. Болашақта да азаматтардың кітап оқуға деген ынтасын арттыруға оның айтарлықтай үлес қосары анық. Баспагерлер, полиграфистер және кітап таратушылар ассоциациясын құрудағы басты мақсат баспагерлерге қолдау көрсету болды. Біз жыл сайын Алматыда «Ұлы Жібек жолымен» атты көрме ұйымдастырамыз. Одан бөлек, кеше ғана Болоньяда әлемдегі ең үлкен кітап кітабы көрмесі өтті. Сол жерге осы бауалардықтың көмегімен үлкен стенд алып, баспагерлердің қатысуына жағдай жасадық. Астанада өтетін

алады?» деген сауалға жауап іздеуі қажет дегенді алға тартады.

– Кітап пен кітапханашы екеуінің де илейтіні бір терінін пұшпағы ғой. Екеуінің көтерер жүгі де, атқарар миссиясы да ортақ. Кітапханашы – сол кітапты халыққа насихаттаушы. Шын мәнінде, кітап оқыған адам рухани тұрғыдан байыды, ойы толысады, өмірге деген көзқарасы қалыптасады. Демек, әр жазушы қалам тербегенде «оқырман бұл шығармадан не түейді, қандай тәлім алады?» деген сауалға жауап іздеуге тиіс. Кейде осы талаптың ескерусіз қалып жататыны қынжылтады. Мәселен, «100 кітап» секілді іріктеулерде тәуелсіздік кезеңіндегі бірқатар маңызды шығарманың ескерілмей қалуы, тіпті Дүкенбай Досжанов сынды Мемлекеттік сыйлық лауреатының еңбектерінің назардан тыс қалуы – ойланарлық жайт. Бұл – кітап тандауда сапа мен мазмұнға терең үнілудің қажеттігін көрсетеді. Егер біз, шын мәнінде, кітап оқу мәдениетін қалыптастырғымыз

Кітап – бүгінгі ғана емес, келер ұрпақтың да жүрегіне ізгілік дәнін егетін аса қуатты құрал. Әсіресе, әдебиеттің адам бойындағы эстетиканы тәрбиелеп, адамгершілікке баулуда атқаратын рөлі маңызды. Қайбір жылдары қоғамда «балаларға кітап оқыту қиын», «жастар кітап оқымайды» деген сияқты пікірді жиі еститінбіз. Соңғы уақытта керісінше, кітап оқу сәнге айналған сияқты әсер қалдырады. Әрине, бұл жерде «сәнге айналды» дегенді кең мағынасында алып отырмыз. Әйтпесе, елдің бәрі әдеби кітап оқымайтыны белгілі жайт қой. Әйтсе де, қоғамдағы кітап оқу тенденциясының ақын-жазушыларға да оң ықпал еткенін айтуымыз керек. Әсіресе, ақын-жазушылардың кітаптарының әлеуметтік желілерде біршама жарнамалануы – қоғамда әдеби кітап оқуға деген ықыласты оятып жатқанын байқаймыз. Одан бөлек, қаламгер қауымымен кездесу ұйымдастырып, кітабын талқылап отыратын кітапханалар мен кітап клубтары да бүгінгі оқырманның әдеби кітаптарға деген қызығушылығын арттыруға елеулі үлес қосып келеді.


А Айгүл СЕЙІЛ

Соңғы жылдар бедерінде әдебиетіміздің бәсін биіктеткен тағы бір фактор – әдеби байқаулардың көбейіп келе жатқаны. Оның ішінде бәйге алған шығармаларға берілетін сыйақының да қомақты бола түсуі ақын-жазушылардың танылуға, сыйақыны жеңіп алуға деген шабытын оятатыны түсінікті. Соңғы 4-5 жылдың көлемінде мемлекет қаржыландыратын «Айбоз» ұлттық сыйлығының, меценаттар қаржыландыратын Месенат.kz, «Қазіргі заманғы қазақ романы» байқаулары онсыз да мықты, мойындалған жазушылармен бірге алғашқы қалам сілтесімен-ақ ерекшелене білген жас таланттарды да танытып жатыр.

Мысалы, биыл ғана өткізілген «Қазіргі заманғы қазақ романы» байқауына 3 мың өтінімі түскен. Одан 220 шығарманы сұрыптап алған. Ең соңында оза шапқан 7 жүлдегердің әрқайсысына 3 млн теңгеден сыйақы берілді. Олар – Қуаныш Жиенбайдың «Аралқұмдағы ақырғы аялдама», Думан Рамазанның «Сынақ», Асқар Алтайдың «Каскат», Мұрат Алмасбектің «Екі жағалау», Қуат Бораштың «Тәубе», Нұржан Қуантайұлының «Опасыз ойын», Айым Ақылтайдың «Қарыз» романдары. Ал осы байқауда жазушы Жүсіпбек Қорғасбектің «Кельдегі көкжал» романы бас бәйгені, яғни 15 млн теңгеден сыйақысын жеңіп алды. Роман байқауына Eurasian Resources Group (ERG) директорлар кеңесінің төрағасы Шухрат Ибрагимов демеушілік жасаса, идея авторы – Арман Скабылұлы, ұйымдастыру тобының жетекшісі – Қайнар Олжай. Бұл жердегі жаңа есім – Айым Ақылтай болса, бытыр Месенат.kz байқауы жас жазушы Әлихан Жақсылықтың «Тургенев көшесіндегі үй жұмысқа қабылдайды» романының бағын ашқан еді. Сол романы арқылы жас жазушы енді өмір бойы ай сайын 500 доллардан алып тұрады.

Бүгінгі оқырманы – әлеуметтік желіде отыратын адам. Сондықтан әдеби кітапты оқытудың ең төте жолы – оны жарнамалау. Ақын-жазушының өзі «менің кітабым – керемет» демесі анық. Бірақ кітапты оқыған

Кітаптың БАҒЫ ЖАНҒАН КЕЗЕҢІ



Елшар КАБА (қолжазба)

адамдардың пікірі сол кітаптың танылуына, әрі қарай да басқа оқырманның қолына тиюіне, бірнеше рет басылуына жол ашып жатыр. Одан бөлек, кейбір кітаптардың аудионұсқаларының болуы, онлайн оқылымға шығуы, мерзімді басылымдарға ол туралы аға буын танымал қаламгерлердің толымды пікір жазуы да кітаптың бағын ашуға септігін тигізуде десек, қателеспейтін шығармыз. Төменде соңғы жылдары баспадан шығып, кейбіреуі оқырман тарапынан жылы қабылданған, кейбіреуі бірнеше рет қайта басылған, кейбіреуі ерекше жазу стилімен тартымды бірнеше кітапты атап өттік.

«Жүз жетінші көктем» – әдеби ортаны жалт қаратқан кітап. Образды ойлау, соны теңеу, болмыс-бітімді басқаша кейіпкерлер, жұмбақ тағдырлар... Жалғыз кітабымен өзіне ескерткіш қойып кеткен Ғалымбек Елубайдың шығармашылығы туралы жазушы Айгүл Кемелбаева «Тірісінде айтылмаған сөз» деген тақырыппен көлемді мақала жазды. Сонда мынадай жолдар бар: «Елубайдың Ғалымбекі Алтай адамдарын анық бейнелеп кеткен екен. Тіпаждық бейнелерден көз арбайды. Ол адам психологиясын, болмыс-бітімін бір сөйлемге сыйдыра салады. Әр әңгімесі бір-бір тағдырды жоқтайды. Ғалымбек Елубай жазуында қыстығу мен өксік бар. Ішін өртеп бара жатқан қайғы-шерін, наласын шығармалары арқылы шығарады».

«Дардай» романы. Ақын, жазушы Акберен Елгезектің «Болмаған балалық шағынан» кейінгі прозалық шығармасы әлеуметтік желіде көп талқыланды, оқырман тарапынан көп жылы пікір айтылды. Сондай пікір иесінің бірі – жазушы Дуарен Қуат. «Дардай – дардай болған соң, оның кейіп, түр-тұлғасы «кішкентай адамдар» өріп жүрген бүгінгі шығармалардағы кейіпкерлерге ұқсамауы керек. Дардайдың бойы – 81 метр. Неге 81 метр? ... 81 – құпия цифр. Құпия сан. Бұл, бәлкім, екі тоғыздың еселенген квадраттық мәні болуы мүмкін. Бәлкім, қасиетті Құран аяттарынан алынған сүрелердің реттік саны ма екен?», – дейді ол.

«Дайғашшы» – ақын, жазушы Ұларбек Нұрғалымұлының осы күнге дейін ІІ рет жарық көріп, бестселлерге айналған кітабы. Бұл заманда бір автордың кітабы осынша рет қайта басылып шығуы – үлкен жетістік. Оқырманның сұранысына, талғамына жауап беріп жүрген кітап қаламгерлер тарапынан да жоғары бағаланған. «Мына «Дайғашшыны» оқығанда, әуелде бір күн, бір түн кетіп еді, артынан ұзақ таңға созып оқыдым.

Бүгінгі оқырманы – әлеуметтік желіде отыратын адам. Сондықтан әдеби кітапты оқытудың ең төте жолы – оны жарнамалау. Ақын-жазушының өзі «менің кітабым – керемет» демесі анық. Бірақ кітапты оқыған адамдардың пікірі сол кітаптың танылуына, әрі қарай да басқа оқырманның қолына тиюіне, бірнеше рет басылуына жол ашып жатыр.

Осындағы көзге көрінбейтін кейіпкер менің өзім сияқты әсер қалдырды. Жас жігіттің өмірде кездескен, содан түйген пікірлері маған қатты әсер етті. Иненің жасуындай кішкентай нәрседен өмірдің жібін сабақтап өткізеді екен. Мұнда біз ұмытқан өмірдің тамыры бар. Осы бағыттағы жаңа бір прозаның қалтанағы көрінеді. Бұл – жазушы Тұрсын Жұртбайдың пікірі.

«Жошы хан» романы. Романның құндылығы авторы ақын, жазушы Ұларбек Дәлейұлының сол дәуірге қатысты жазылған, ең сенімді деген дереккөздерін пайдалана отырып, оқиғалар өрісін шынайы фактілермен түйіндеуге тырысуында. Таңғұт, шүршіт соғыстары, ғалам тарихында елеулі орны бар Хорезм жорықтары жыл-айы, шайқас орындары, адам аттары сол қалпымен көркем тілде хатқа түсірілген. Жошы ханның Үргеніш түбіндегі ауыр шайқастан кейін Хорезм жорығынан қайтып, Ұлытауға келіп ірге тебуі, Жошы ұлысын құруы тарихи мәліметтермен сәйкеседі. «Автор тарихи оқиғаны баяндай отырып, ненің қалай болатынын, қай кейіпкер қандай әрекет жасайтынын түспалдамайды, ашып айтады. Бұл мәнер – көне кассаларда сақталған. Солай бола тұра, автор көркем шығармаға қиялды кіріктірмей, шындықпен өргісі келеді. Тарихи деректер молынан қамтылып, ұшан-теңіз қазына сыйлайды», – деп жазды роман туралы ақын Біржан Ахмер.

«Ағыраптағы аты жоқ адам» романында жазушы Қанат Әбілқайыр шырғалаң тағдырларды шынайы бейнелейді. Өмірдің сынақтарына төзе алмаған, рухани күйреген кейіпкерлер туралы роман бас кейіпкердің нысының жоктығымен тартымды.

Бұл кітап туралы журналист Әтіргүл Төшім былай дейді: «Кешегі 30 жылда нарыққа өтерде аналар ала дорба аркалап, жанбағыстың қамымен білек түре алға шықты да, әкелер «қазаншы» болып үйде отырып қалғаны бар. Бұл көп жыл отбасында өз орны бар, (жұмысы бар) аттан түспеген әкелердің рухын сындырды. Әкелер институты тоқырауға тап болды. Аты жоқтың әкесі дін жолын тандап, Сирия асып, ақырында темір тордан бір-ақ шығады. Інісі Елдостың туған бауырына сатқындығы, өз-өзін ғажап психикалық ауытқуға апаруы, анасының басқа ердің етегінен ұстауы шығарма иіріміне тартып, оқырманды баурап алады».

«Иесіз көленке» романы. «Алишер Рахат – өзі жайлы айқайламайтын жазушы. Бірақ жылтыраған данқы мен данғазасы көбейген бүгінгі заманда адамдардың ізіне түсіп, үнсіз еріп жүретін қорқыныштың сұлбасы болса, Алишер оны «қара адам» бейнесі арқылы қазақ әдебиетіне әкелді. Жай ғана әкелген жоқ, төтеннен сұпсуық қолдарын сумандатып, су-сілемік қалпы ұсқынсыз бейнеде ту сыртымыздан телміртіп қойды. Сол арқылы көбіміздің ішімізде жатқан қорқыныштардың көленкесін қозғап жібергендей болды...». Бұл – замандасының романы жайлы жазушы Жәудір Нартайдың пікірі. Үздіксіз ізденісте жүретін, еңбекқорлығымен, жаңашылдығымен танылған жас жазушының бұл романы хоррор жанрында жазылған.

«Сандық». Жадыра Шамұратованың бұл кітабы «Фолиант» баспасының «Бүгінгі проза» сериясымен шыққан. Шағын жанрда көп ізденетін жазушы бүгінгі қоғамның ең өзекті мәселелерін қозғайды. Техника мен технология дамыған замандағы кейіпкерлердің жалғыздық торына шырмалуын дара-лап көрсетеді. Оның кейіпкерлері бір-біріне ұқсамайды. «Төртбұрыш адамның бір күні», «Бейуақта ашылған құпиясы» немесе «Құрылысшысы» болсын сюжеттік тартымдылығымен ерекшеленіп тұрады.

«Абыл мен Кабыл» романы. Жазушы Мақсат Мәліктің бұл шығармасында кеуде тұсынан қосылған, тәндері қосақталған Абыл мен Кабыл есімді сиаем егіздерінің өмірі суреттелген. Роман «Тансәрі», «Талтүс», «Алагеуім» және «Тұра қараңғысы» атты төрт бөлімнен тұрады. Төрт бөлім табиғат пен адам жаратылысының төрт кезеңі сияқты бейнеленген. Яғни, романда тансәріден басталып, тун қараңғысына жалғасқан біркүндік оқиға мен Абыл мен Кабылдың 33 жылдық ғұмыры сөз болады. Шығармада адамзат тарихындағы мыңдаған жылдан бері келе жатқан ақ пен қараның айкасы бедерленген.

«Бүкір» романы. Жазушы Есболат Айдабосын осы шығармасымен Месенат.kz байқауына қатысып жатыр. Соңғы күндері «Фейсбук» әлеуметтік желісінде бұл роман туралы пікірлер толастамай тұр. Ақын Токтарәлі Танжарық замандасына «Есболат – классикалық мәнерді өте терең менгерген жазушы. Сөйлем құрауы Әуезов дәстүрінің жаңғырығы. Оқып отырып, шұрайлы тілге тандай қақпай тұра алмайсыз», – деп баға беріпті.

Әрине, бір ғана мақалада ақын-жазушылардың соңғы жылдары шыққан шығармаларын толық қамти алмайтынымыз түсінікті. Біз негізінен прозалық шығармаларға және оның ішінде романдарға басымдық бердік. Өйткені мыңдаған жылдан бері бөліне прозалық шығармалар өтімді екенін байқаймыз. Поэзияның да өз оқырманы бар, бірақ салыстырмалы түрде аздау. Бұл ойланарлық құбылыс... Дегенмен тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығындағы, бәлкім, одан да көбірек мезгілден соң қазақ әдеби шығармаларының, яғни кітаптардың күні туып келе жатқанын қуантады. Оған мемлекет тарапынан да, жеке адамдар тарапынан да қолдаудың көбейе түсуі – әдебиетке, қазақтың асыл сөз үлгісіне шын жанашырлық деп түсінеміз.

Бірнеше ауыл бас құрап – аудан құрған өңірде: оңаша, оқшау өмір сүріп жатқан елдің бейнесін, тұрғындарының галереясын жасаған автордың жазу мәнері, тегеурінді қаламы Балзак, Пруст, Әуезов тәрізді алыптардың екпінін есімізге салады. Әрине, жас автор титандардың ықпалын сезсе де, көлеңкесінде қалып қойған жоқ, қайта керісінше ізденісін өрістетіп түскені анық. Мені таңғалдырғаны – Арман Әлімбеттің персонаждарға деген ұқыптылығы, тиянақтылығы. Яғни, автор персонаждарды шашып алмайды, қайта шашау шығармай шығарманы сомдау барысында уақығаны үнемі тізгіндеп ұсынып ұстап отырады. Үлкен панорама шағын эпизодтардан тұрады.

ҚОСОБА, МАКОНДА, ЙОКНАПАТОФ



Оқиға желісі – жүйелі, бір-бірімен байланысып, өріліп дамып отырады. Тосын, күтпеген, кездейсоқ нәрсе жоқ, бәрі де сол Арман өзі құрған тәртіп бойынша, заң бойынша жазылып отыратыны айқын. Арман шығармаларында, әсіресе осы біздің назарымызға ұсынылып отырған романда оның әдеби тұлғасы, жазу мәнері жақсы көрінеді. Шытырман оқиғалы шығарма қалай болғанда да көркемдік дәрежесінен айнымайды.

Бұл шығарма жанр тұрғысынан детективтік тұлғаны, бірақ көркем роман биігінен көрініп тұр. Арманның тілі жатық, оқиғаларды бейнелегенде, адамдарды типтегенде шеберлігін көрсетеді. Соншама күш салып, еңбектенген, бұл шығарма оқырман қауымға тез жетсе екен деп тілейміз.

Тағы бір ұнағаны – пафостың жоқтығы. Кез келген оқиғаны автор айқайға салмай, шулаптай, сабырмен, байыппен, қалыпты етіп суреттейді. Мысалы, бас қаһарман өзі істі болғандағы оның жай-күйін Арман өте ұтымды бейнелейді. Толстойдың «Совершилось величайшее счастье – и так просто, без шума, без блеска, без ознаменования» дейтіні бар. «Буденброктарда» да сондай тәсілдер көп. Қайғы-қасіретті немесе үлкен қуанышты жай ғана жазып бере салу.

Тағы бір басты қаһарманның бірі – Гүлмираның оқиғасында да соны байқаймыз. Бүкіл аудан Гүлмираны іздеп таба алмай жүрсе, өлдіге санап дүрілксе, ол бар болғаны үйден қашып кеткен боп шығады. Мұның бәрі де Арманның қаламының жүйріктігінен деп білеміз.

Тағы бір айтатын жайт, шығарма, әсілінде үш оқиғадан тұрады. Ең әуелгісінің қаһарманы – Гүлмира, екіншісінде – Бағылан, үшіншісінде жылқыны мылтықпен атып алатын Әшө.

Кейіпкерлер бір-біріне ұқсамайды, шатастыру мүмкін емес. Бірақ бәрі де үлкен оқиғамен байланысып жатыр. Оқып отырып мұның бәрі шын өмірден алынған шығар деген ой келеді.

Шығармада техникалық та, орфографиялық та қате жоқ.

Оқып отырып сыншылар неге зерттемей жатыр деп таңғалдым.

Бұл шығарма Габриэль Гарсиа Маркестің «Макондасын», Фолкнердің Йокнапатофын есіме түсірді. Ол Фолкнердің ойдан шығарған штаты – елу бірінші штат. Ондағы кейіпкерлер әр шығармада кездесе береді. «Бұл елдің қожайыны менмін» деген екен Фолкнер. Қособа маған сол Йокнапатоф секілді көрінді.

Шығарма өте екпінді жазылған. Оқиға дамып отырады, өріліп отырады, асығып отырады, алға жетелеп отырады. Бұл жақсы қасиет.

P.S.....

Туындыгер аспайды да, саспайды да: уақиғалар алдына шығып кетпейді. Бір қоныр әңгіме. Сонысымен құлды. Қарапайым айтылған сөздің күші ерекше. Нысанасына дөп тиеді. Пафос өдетте фальше жетелейді. Біздің автор көркемдік шындыққа сүйрейді. Сенбесеніз, оқыңыз.

Дилар АМАНТАЙ

СПОРТ STYLE

23 СӘУІР 2026 | БЕЙСЕНБІ

Бокстан

ӘЛЕМ КУБОГЫ БАСТАЛДЫ

Қазір Бразилияның Фос-ду-Игуасу қаласында бокстан World Boxing Cup (Әлем кубогы) турнирінің алғашқы кезеңі өтіп жатыр. Әлемдік бәсеке алғашқы күннен-ақ тартысты басталды, әсіресе ел намысын қорғайтын қыз-жігіттердің нәтижесі жаман емес. Жарыс 20-26 сәуір аралығына жоспарланған, біз әлемдік бәсекенің алғашқы күндеріндегі нәтижеге қарап, шолу жасап көрдік.

Бразилия осымен екінші мәрте Әлем кубогының алғашқы кезеңін өткізіп отыр. Әлемдік додаға 50 елден 400-ге жуық боксшы бақ сынасады. Еліміздің атынан Нұржан Насанов баптайтын ерлер құрамасынан 9 спортшы, Елдос Сейдалининнің жетекшілігіндегі қыздар құрамасынан 7 боксшы жүлдеге таласпақ. Былтырғы сайыста еліміздің боксшылары 3 алтын, 3 қола жүлдені қанжығаға байлап қайтқан еді. Сол бәсекеде Нұрсұлтан Алтынбек (55 келі), Дәулет Төлемісов (85 келі) және Жазира Орақбаева (51 келі) чемпион атанғаны елге мәлім, демек биылғы додада да ел сенімі ақталары анық.

НАЗЫМНЫҢ КӨЗДЕГЕНІ БАР

Жарыстың алғашқы күні Қазақстан құрамасынан бес боксшы шаршы алаңға шықты. Әлемнің үш дүркін чемпионы атанған отандасымыз Назым Қызыбай іріктеу кезеңінде алғашқы болып өнер көрсетті. Спортшымыздың түркиялық боксшы Айшен Ташкынды 4/1 есебімен сенімді түрде жеңгеніне куә болдық. Ескеретіні, Назым биылғы додаға орай салмақ ауыстырып, 54 келі салмақта бақ сынап отыр. Спорт сарапшысы Аслан Қаженов салмақ ауыстыруына қарап, алдағы жарыстарға ерекше қарқынмен дайындалып жүр деп пайымдайды.

— Назым Қызыбай 54 келіге көтеріліп, салмақ ауыстырғанымен, ә дегеннен жақсы жүдырықтасты. Енді кезекті жекпе-жегің польшалық боксшымен өткізеді. Неге бұлай шешкенін білмеймін, бірақ бапкерлермен, федерация мамандарымен ақылдасуымен үлкен шешім қабылдағанына сенемін, яғни мұның артында көздеген мақсаты бар деген сөз. Алда Азия ойындары мен Олимпиада ойындары өтеді. Назым соған қазырен дайындалып жатқан сыңайлы, — дейді сарапшы.

ШЕБЕРЛІК ШЫНДАУҒА МҮМКІНДІК

Ерлер құрамасынан 70 келіге дейінгі салмақта Фарух Токтасынов та ерекше шеберлік танытып, 3/2 есебімен келесі кезеңге жолдама алды. Боксшымыз жекпе-жек кезінде екі рет ноқдауға түскеніне қарамастан, ирландиялық Джон Макколеллан басым өнер көрсетті. 80 келіге дейінгі салмақта Диас Молжігітов те келесі кезеңге өтті. Ол жапониялық Кай Ториабені мерзімінен бұрын жеңіп, жекпе-жек екінші раундта-ақ аяқталды. Жарыстың екінші күнінде ел намысын екі спортшымыз қорғады, оның ішінде 65 келіге дейінгі салмақта Мұхаммедсабыр Базарбайұлы Тунис елінің боксшысы Хассен Атиямен жүдырықтасып, 5/0 есебімен айқын басымдық көрсетіп, жеңіске жетті. Өкінішке қарай, алғашқы екі күнде ұлттық құрамадағы үш спортшымыздың жарыс жолын ерте аяқтауына тура келді. 60 келіге дейінгі салмақта Жансері Көшербаев ирландиялық Джуд Таллахерге есе жіберсе, 90 келіге дейінгі салмақта Дәулет Төлемісов бразилиялық Исанаис Фильбоға жол

берді. Айта кететіні, әлемдік кубоктың алғашқы кезеңіне ерлер құрамасынан екінші, үшінші нөмірлі боксшылар сыңға түсіп жатса, әйелдер арасынан бірінші нөмірлі боксшылар бақ сынап жатыр. Спорт сарапшысы Аслан Қаженов спортшылар соған сәйкес нәтиже көрсетіп жатыр деген пікірде.

— Жарыс жолынан шығып қалған Жансері Көшербай таза жеңілді. Жансері — спорттық мансабын енді бастаған жас боксшы. Жастар арасындағы Азия чемпионатының, Әлем чемпионатының қола жүлдегері, алайда ересектер арасында енді пісіп жатыр. Әлем кубогы оған



тәжірибе жинауға, шеберлік шыңдауға жақсы мүмкіндік береді. Бапкерлер құрамының Жансерінің жарысқа жіберуіндегі негізгі мақсат та осы болу керек. Ал Дәулет Төлемісовті жеңілді деп есептемеймін. Алғашқы раунд бастала сала бразилиялық боксшыға қарсы шықты, жекпе-жек тең дәрежеде өтті, Дәулеттің басымдығы да болды. Бұл жерде сәл емес, айқын басымдық керек еді әрі алаң иесімен жүдырықтасты. Кез келген жерде шамамен тең дәрежеде жекпе-жек өтсе, қабылдаушы елдің боксшысына жеңісті береді, — дейді Аслан Қаженов.

ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМА СЕНІМДІ АҚТАЙДЫ

Жарыстың екінші күнінде 55 келіге дейінгі салмақта сыңға түскен отандасымыз Бағлан Кенжебек армяниялық Жирайр Саргсянмен жүдырықтасып, алғашқы айналымда-ақ жарыс жолынан сүрінді. Қазір спортшыны бокс жанкүйерлері қатты сыңға алып отыр. Алайда А.Қаженов Бағланның да мықты спортшы екенін мойындайды. Бағлан Кенжебек бұған дейін «Жібек жолы» халықаралық турнирінің, «Странджа» турнирінің жеңімпазы атанды, басқа да сайыстарда шеберлігін көрсетіп жүр. Сарапшының сөзінше, 55 келіге дейінгі салмақта озық боксшы өте көп, алайда Бағлан да алда бұл салмақты мықты бәсекелес болатына сенімді. Ол алдағы күндері ұлттық құраманың да ел сенімін ақтайтынына үмітті.

— Әрине, сенімді ақтайды, басты мақсат жалпыкомандалық есепте бірінші орын алу деп ойлаймын. Бұл — қолдан келетін шаруа, әсіресе қыздар жақсы нәтиже тіркейді деп сенемін. Ерлерден де бір-екі алтын болуы керек. Ерлер құрамасы жарысқа 2-3 күн қалғанда ғана Бразилия еліне жетті, қыздарымыз 2 апта ертерек келіп, оқу-жаттығу жиындарына қатысты. Уақыт айырмашылығы да ыңғайлысыздық туғызатынын ескеру керек, екі ел арасында 7-8 сағат айырма бар. Климаттың ылғалдылығы, жоғары температураға да спортшыларымыз бейімделіп үлгерді деп үміттенемін. Алғашқы жекпе-жектерге қарап, баға беру қиындау. Бірінші жекпе-жек кез келген боксшы үшін қиын өтеді, рингті сезінген соң ақырындап бой үйренеді. Бірінші айналымнан сүрінбей өткендерде ары қарай бокс жақсы жүреді, — дейді маман.

Ал спорт сарапшысы Айдос Рымқұл ойын бастала сала, жағдайды бірден кесіп айтудың қиын екенін жеткізді, бірақ қыздар құрамасының жеңіске ие боларына сенімді.

— Қыздарымыз Азия чемпионатына екінші орынмен барып еді. Бұл жолы Әлем кубогына

Назым Қызыбай бастаған негізгі құрам қатысып отыр. Қыздар өз денгейін жақсы көрсетеді, лайықты жүлде иеленеді деп сенемін. Ерлер бойынша, әрине, сұрақтар жоқ емес, бар. «Балапанды күзде санайды» демекші, сәл күте тұрып, әліптін артын бағайық. Финалда қалай болады екен, қоржынымызға қанша жүлде түседі екен дегендей, байқауға керек. Былтыр Бразилияға үшінші құраммен барып, 85 келіде Дәулет Төлемісов Ливерпульда Әлем чемпионатында жүлде алған өзбек боксшысын басып, алтын медаль иеленген еді, сондықтан бәрі де мүмкін.

Сарапшының сөзінше, тек бокста емес, кез келген спорт түрінде, спорттың ең көркем түрі — мәнерлеп сырғанауда да «перде арты» интригалары көп болады. Қазіргі ойындар 2028 жылғы Олимпиада ойындарына дайындық процесі іспетті. Сарапшы осы перде артындағы ойындарда кім жеңіп шықса, сол мемлекеттер 2028 жылы өз алтынның түгендеп алады деген ойда.

АЛТЫНҒА АПАРАР БАСПАЛДАҚ

Бразилияда өтіп жатқан бокс бәсекесі енді қыза түспек. Жарыстың үшінші күнінде шаршы алаңға Даниял Сәбит (50 келіге дейін), Назым Қызыбай (54 келіге дейін), Виктория Графеева (60 келіге дейін), Фарух Токтасынов (70 келіге дейін), Наталья Богданова (70 келіге дейін), Диас Молжігітов (80 келіге дейін) шығып, бақ сынамақ.

— Фарух Токтасынов 70 келі салмақтағы үшінші нөмірлі боксшы, бірақ кейінгі сайыстарда жақсы өнер көрсетіп келеді. Диас Молжігітовтің ойыны жақсы өтті, Мұхамедсабыр Базарбайұлы сенімді жеңді. Барлық салмақты қалған қыз-жігіттерден де үміт бар. Әлем кубогын Азия ойындарына дайындықтың бір бөлігі десек болады. Қытайда өтетін турнирге бірінші нөмірлі боксшылар қатысады, дола енді қыза түседі. Қыздар құрамасы өздерінің шама-шарқын сынап байқайды, ерлер құрамасы Азия чемпионатына шамасын байқап көреді. Сол себепті Әлем кубогы Азия ойындарының, Олимпиада ойындарының алтын жүлдесіне апарар баспалдақ болуы керек, — деп түйінделі А.Қаженов.

Айдос Рымқұл да Ұлттық құраманың алдағы Азия чемпионаты мен Олимпиада ойындарында ерекше өнер көрсететіне сенімді. Сонымен қатар Ұлттық құраманың бапкерлері Олимпиада ойындарына дайындықты ерте бастап, 65 келіге дейінгі салмақтағы боксшыны алып тастауды жөн деп шешкен.

— Біздің құрамадағы 60 пен 65 келіні ең әлсіз салмақ деп айтар едім. Асланбек Шымбергенов 69, 71 салмақпен жүлде алып жүрді. Асадхуджа Мүйдінхужаев 65 келіге түсіп, шеберлігін көрсеткен еді. Одан кейінгі барған жарысымызда бұл салмақпен қашан жүлде алғанымыз белгісіз. Ағайынды Сабырхандарын Азия чемпионатында жеңілгені де жақсы болды, Санжар Ташкенбай да жеңілді. Осы жігіттер қателіктен сабақ алып, мықтылық көрсетеді деп сенемін. Азия ойындарынан үміт жоқ емес, Әлем чемпионатында 7 алтынмен, Азия чемпионатында 6 алтынмен топ жарғанбыз. Қазір құрама бабында тұр деп ойлаймын, — дейді А.Рымқұл.

Сарапшы қазір Ұлттық құраманың салмақты кешенді ойындарға көңіл бөлу керігін айтып қалды. Алда өтетін Азия ойындары мен Олимпиада ойындарына осы бағытта дайындықты күшейту қажет.

— Мысалы, Өзбекстан құрамасында 80 келіге дейінгі салмақта Жавохир Умматалиев, 75 келіге дейінгі салмақта Фазлиддин Эркинбоев деген мықты боксшылар бар. Олимпиада 75 келі деген салмақ жоқ, сондықтан Фазлиддин Эркинбоев Азия чемпионатында 80 келіге шықты, яғни өзбек елінде 80 келі деген салмақта екі мықты бар. Менің ойымша, 85 келі салмақтағы боксшы — әлі әлсіздеу, тәжірибе жинап жүрген жас жігіт. Ертен олимпиада кезінде алғашқы кезеңнен-ақ жеңіліп қалуы мүмкін. Соған қарағанда, өзбек бапкерлері осы мақсатта спортшылардың салмағына іріктеу жасап, 80 келіні 85-ке көтеругі мүмкін. Біздікілер де бұған көңіл бөлуге тиіс.

Сонымен, әлем кубогы үш кезеңге жалғасады. Алғашқы кезең Бразилия елінде басталды, ал екінші кезеңді Қытай қабылдайды, бұл сайыс маусым айына жоспарланған. Халықаралық World Boxing федерациясының жариялаған кестесіне сәйкес, ақтық бәсеке қараша айында Өзбекстанда өтеді. Әлем кубогы — жаңадан құрылған World Boxing федерациясының 2026 жылғы маусымдағы ең ірі додаларының бірі. World Boxing федерациясы 2023 жылдың сәуірінде Швейцарияның Лозза қаласында құрылған еді. Федерацияның басты мақсаты — боксты Олимпиада бағдарламасында сақтап қалу, ірі жарыстарға спортшыларды дайындау. Әлем кубогының алғашқы ойыны дәл сол жылы қазанда өткен еді, бұл кезде жеке турнир ретінде ғана қарастырылды, ал 2024 жылдан бері бокс бәсекесі толық кезеңде өтіп келеді.

Бет қатталып жатқанда: Назым Қызыбай 1/8 финалда Польша спортшысы Виктория Роголинскимен жалғыз үлгерді. Қос боксшы жекпе-жек бойы теңдей сынасып, бір-бірінің қимылын аңдумен болды. Алайда шешуші раундта 4:1 есебімен Виктория Роголински жеңіске жетті.

ЖАСӨСПІРІМДЕР ҚҰРАМАСЫ ЖАРАДЫ

Шайбалы хоккейден еліміздің жасөспірімдер құрамасы қатарынан үшінші ойында жеңіске жетті. Еліміз Польшаның Крыница қаласында өтіп жатқан әлем чемпионатында ерекше шеберлік көрсетті. Аталмыш турнирде Қазақстанның жасөспірімдер құрамасы элиталық дивизионға жолдама алу үшін бақ сынап жатыр. Жалпы, сайысқа Польша, Мажарстан, Украина, Швейцария және словения елінің құрамалары қатысып жатыр. Қазір еліміздің құрамасы 9 ұпай жинап, турнир кестесінде көш бастап тұр.



Дегенмен Украинаға қарсы матч командаға оңай соқпады. Қарсылас алғашқы кезеңде екі шайба соғып, екінші кезеңде есепті 3:0-ге жеткізді. Соған қарамастан, үшінші кезеңнің ортасына қарай Владислав Ануфриев, Михаил Коленко және Никита Гридасовтың дәл соққыларының нәтижесінде есеп теңесті. Кездесудің аяқталуына жақын қалғанда, Матвей Решетько жеңіс шайбасын соқты. Соңғы секундта Егор Кравченко бос қақпаға шайба енгізіп, матчтың нүктесін қойды. Есеп — 5:3.

Осылайша, үш ойыннан кейін 9 ұпай жинаған Максим Худяковтың шәкірттері әлем чемпионатында екінші орынға көтерілді. Бұған дейін қазақстандық хоккейшілер Венгрия мен Польша құрамаларын жеңген еді. Қазақстан құрамасының Швейцарияға қарсы ойыны 23 сәуірде өтпек, ал топтық кезеңдегі соңғы матч Словения құрамасына қарсы 24 сәуірге жоспарланған.

ЕЛІМІЗ СУ ДОБЫНАН ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ

Отандық су добы шеберлері Қытайдың Санья қаласында өтіп жатқан VI Азия жағажай ойындарын жеңіспен бастады. Қазақстан әйелдер құрамасы алғашқы ойында Таиланд командасын тізе бүктірді. Алғашқы кездесуде отандық спортшыларымыз Таиландты пенальти сериясында жеңген.

Команданың бас бапкері Андрей Сазыкиннің айтуынша, команда алғашқы кезеңде ірі есеппен ұтып тұрғанымен, кейінгі кезеңде бір доп айырмасымен есеп жіберген, кейін командалар есеп теңестіріп, пенальти сериясы жеңіске мүмкіндік сыйлаған.


— Алғашқы ойынды өткіздік. Жалпы, жарысты сәтті бастадық деп айта аламын, себебі жеңіске жеттік, яғни пенальти сериясы жеңіске себеп болды. Бұл жеңіс бізге жүлде үшін күресуге мүмкіндік береді, — дейді команда бапкері.

Сайыстың келесі кезеңі, яғни Гонконг құрамасына қарсы ойын 23 сәуірге жоспарланатын. Ел намысын қорғайтын команда құрамында Ариадна Затыльниковна, Камила Наурызбаева, Таира Мухаева, Яна Смолина, Василиса Антропова, Фатима Маткаримова және Аида Алпысбай бар.

СЕМСЕРЛЕСУДЕН БАҚ СЫНАЙДЫ

Қазақстан семсерлесуден Түркияның Ыстамбұл қаласында өтетін Әлем кубогына қатысатын болды. Халықаралық семсерлесу федерациясы (FIE) алдағы турнирге қатысушылардың тізімін жариялаған.

Бұл кезеңге Қазақстан құрамасы атынан бес рапирашы бақ сынайды. Құрамға София Ақтаева, Ғалым Нұрымов, Алина Ескендірова, Тамырлан Калиев және Никита Пономарев енген. Әлем кубогы 30 сәуір мен 2 мамыр арасында өтеді.



Бетгі дайындаған Айсұлу СЪЕЗХАН

AMANAT
MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор —
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС —
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ —
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА —
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —
Ақмола облысы
Алтай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ —
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН —
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК —
Шымкент қаласы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ —
Қызылорда облысы
Банн ЖАНЗҰАҚ —
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін — 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін — 55102
Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(707) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4731

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,